




ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласындағы Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасына сәйкес, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Студенттік көктем-2021» көркемөнерпаздар байқауы онлайн форматта ұйымдастырылды.

## «СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ»

### байқауының жеңімпаздары анықталды



Байқаудың мақсаты – жастар арасында салт-дәстүрді нығайту, ұлттық аспаптарды қастерлеу, бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауды қалыптастыру. Әлемде болып жатқан пандемияға қарамастан, ҚазҰУ студенттері асыға күтетін бұл байқауға ҚазҰУ жастары белсене атсалысты. Байқаудың әділ-қазы алқаларына, өнері мен өнегесі жарасқан жастардың арасынан үздігін таңдау оңайға түскен жоқ. Дегенмен, сайыстың шарты да сол – оза шапқан жүйріктерді анықтау.

Байқаудың бас жүлдесін химия және химиялық технология факультеті жеңіп алды. Факультеттің өнерлі студенттері «Наурыз» мейрамының қазақ халқының тарихи оқиғаларына орай әрбуін актерлік шеберлік, би, вокальдық, аспапта орындаушылық өнерлерін үйлестіре отырып шебер жеткізе білді.

Бірінші орынды өзіндік креативті идеясымен ерекшеленген механика және математика факультеті иеленді. Ұжымның ұйымшылдығы үйлесе қимылдаған билерінен көрініп тұр. Қазақтың көне ою өрнектерін қайта жаңғыртып, құмыраларды әшекейлеп отырған қыздар мен жауырыны қақпақтай жігіттердің белдесуі «Шеберлік пен шымырлық» тақырыбын толықтай ашып тұр. Айта кетерлік ерекшеліктері, ұмытылып бара жатқан әншілік өнер – ұрмалы аспаптардың сүйемелдеуімен дауысты тамақтан шығарып ән салу.

Екінші орынды филология факультеті және жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті иеленді. Студенттер Қазақстанның әр аумағында болса да, арнайы реквизиттер тауып, түрлі сахналық костюмдер киіп, ұлттық мейрамымызды ұлықтаумен

қатар, эстетикалық сұлулыққа басымдық берген. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті бейнероликтерінің шымылдығын «Ел боламын десең – бесігінді түзе» деген қанатты сөзбен ашып, бармағынан бал тамған бүлдіршіндердің күйімен сүйсіндірді. Сонымен қатар, ұлттық тағамдардың құнарлылығы мен құндылығын ұтымды көрсете білді.

Үшінші орынды, жастарды тарихқа тағзым етуге, тәуелсіздігіміздің қадірін білуге, бейбіт елдің байтақ жерін қастерлеуге насихаттайтын көрсетілімдерімен ерекшеленген тарих факультеті мен философия және саясаттану факультетінің студенттері жеңіп алды.

Сайыскерлердің барлық жұмыстары @kaznuartcentr парақшасында жарияланып, жанкүйерлердің 5313 дауысы мен 11736 пікірін жинаған химия және химиялық технологиялар факультеті «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» номинациясын да иеленді. Сонымен қатар, @kaznu\_kmo парақшадағы дауыстар мен пікірлер бойынша үздіктерді анықтап, арнайы сыйлық табыстады. Қорытынды нәтиже бойынша, механика және математика факультетінің студенттері «Жалынды жастар» номинациясымен марапатталды. Сондай-ақ, өнер додасына көктемдей көңілдерімен, ұлттық ойындарымыз бен салт-дәстүрімізді дәріптейтін осынау мерекені ұлықтауға үлес қосқан география және табиғатты пайдалану, биология және биотехнология, халықаралық қатынастар, шығыстану факультеттерінің өнерлі студенттеріне алғыс білдіреміз.

**Жұлдыз ЕСИМОВА,**

тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры

## БОЛАШАҚ КӨШБАСШЫЛАР САММИТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасы жаһандық хабында «Тұрақты дамудың мақсаттарын онжылдық жұмыс шеңберінде жүзеге асырудағы жастардың рөлі» атты болашақ көшбасшыларының ІІІ Саммиті өтті.

Халықаралық «Болашақ көшбасшыларының Саммиті-2021. Ақыл алаңы» – Алматыдағы БҰҰ өкілдігіндегі Ақпараттық орталығының, ҚР СІМ өкілділігінің, «Helping Hand» халықаралық ұйымының, сондай-ақ Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен халықаралық ұйымдардың белсенді қолдауымен ҚазҰУ жанындағы Пан Ги Мун атындағы тұрақты даму институты және Біріккен Ұлттар Ұйымының «Жаңа Жібек жолы» моделінің хатшылығы ұйымдастырды.

Саммит әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-инновациялық қызметтер жөніндегі проректор, профессор Т.С. Рамазановтың құттықтау сөзімен ашылды. Іс-шара барысында ҚР СІМ көпжақты ынтымақтастық басқармасының бастығы Дидар Теменов, БҰҰ Қазақстандағы Жаһандық коммуникация департаментінің өкілі Властимил Самек, БҰҰ Үндістандағы өкілі, UNITLABS бағдарламаларының аға үйлестірушісі Раджив Гулати, Венадағы Жаһандық азаматтық орталығы бағдарламаларының үйлестірушісі Джулия Циммерман, MDP Global Classroom бағдарламасының экс-директоры Р.Абазов және тағы да басқалары саммитті ұйымдастырушыларға және қонақтарға жылы лебіздерін білдіріп, тілектерін айтты.

Онлайн-саммит: «COVID-19 пандемиясына қарсы иммундау», «Сапалы онлайн-білім беру», «Гендерлік теңдік және әйелдер құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту», «COVID-19 экономиканың жаңаруына әсері» және «онлайн-арандатуларды болдырмау» бағыттарындағы өзекті мәселелер бойынша көптеген елдердің 100-ден астам жас лидерлерін жинады. Шара барысында «Ойлау-дизайн» әдістемесі бойынша студенттер мен әлемдік сарапшылар пікір алмасып, ойларын ортаға салды. Форум озық ойларымен, тәжірибелерімен, сындарлы іс-қимыл жоспарларымен және жобаларымен бөлісетін жастардың бастарын құрып, біріктірді.

Естеріңізге сала кетейік, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасына алдымен мүше болып кірді, содан кейін оның әлемдегі он жаһандық хабының бірі болды және көптеген халықаралық алаңдарда БҰҰ-ның жаһандық бастамалары мен Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға айтарлықтай үлесін қосты. Университет бұл құрметті және жауапты мәртебені 2014 жылдан бастап сақтап келеді. БҰҰ 8-ші Бас Хатшысының тікелей қатысуымен ҚазҰУ-де Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты құрылып, ойдағыдай жұмыс істеуде.

Өз тілшімізден



**На платформе Microsoft Teams международный эксперт по менеджменту и развитию лидерства, профессор Ph.D Университета Корвинуса (Венгрия) Золтан Бузады совместно с кафедрой международных отношений и мировой экономики провел замечательный мастер-класс для студентов КазНУ им. аль-Фараби.**

Мастер-класс был посвящен теме повышения конкурентоспособности страны и организаций путем изменения отношения сотрудников к работе с помощью создания ментального состояния потока.

Практическая цель мастер-класса заключалась в том, чтобы понять, как развить лидерские качества, необходимые в постпандемическую эпоху и уметь управлять не только проектами, но и карьерой и своими способностями. На мастер-классе студенты учились не унывать и не огорчаться по поводу негативных событий, а просто делать все с любовью и с интересом и стать успешными.

Международный эксперт по развитию лидерства в потоке, разработчик и амбассадор FLIGBY Золтан Бузады в настоящее время является профессором по менеджменту и лидерству в старейшем университете Венгрии Corvinus University. Он – соавтор книги «Missing Link Discovered: Planting Csikszentmihalyi's Flow

## МАСТЕР-КЛАСС ПРОФЕССОРА ЗОЛТАН БУЗАДЫ



Theory into Management and Leadership Practice by using FLIGBY, the Official Flow-Leadership Game».

FLIGBY – это авторская бизнес-игра, которая позволяет приобрести лидерские навыки и развить soft skills – те самые навыки, от которых зависит наша карьера. Лидеры несут ответственность за общий успех, давая возможность всем членам команды раскрыть свои истинные способности. Профессор Бузады имеет

богатый опыт в организации тренингов для развития топ-менеджмента в Казахстане, России и Средней Азии. Им проведено обучение для нескольких сотен руководителей казахстанских корпораций, национальных компаний и государственных учреждений. Золтан Бузады убежден в огромном потенциале управленцев Казахстана в результате развития лидерских качеств.

**Соб. корр.**

**Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ынтымақтастық меморандумы аясында экология саласында маманданған журналистерге арналған дәріс өтті.**

Жаһандық қоршаған орта өзгерістері мен жергілікті экологиялық проблемалар бес күнге арналған журналистерге арналған курстың басты білім беру траекториясы саналды. Экологиялық сауаттылықты арттыру, экологиялық мәселелер тақырыбында журналистік материалдар даярлаудың медиа құралдарын үйрену модулі шығармашылық кешенді қамтыды. БАҚ-та экологиялық мәселелерді жариялау, экологиялық білім беру мен тәрбиелеу, қалдықтарды кәдеге жарату және қоршаған ортаны қорғау проблемаларын талқылау, оларды экологиялық мәдениетті арттыру жолдарына дейін аталған шараға ғалымдар, журналистер мен экологиялық саланың еріктілері қатысты.

БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі - Қазақстандағы БҰҰ Ақпараттық бюросының басшысы Властимил Самек «Тұрғындар арасында экологиялық ақпарат таратудың үлкен жауапкершілігі бар. Экологиялық ойлауды қалыптастыруда университеттердің салалық кафедраларының орны айрықша. Сондықтан ол туралы білім мен ақпарат кеңінен таралуы және қолжетім болуы тиіс. 8 млрд-қа жуық тұрғыны бар жер бетінде адам баласы қандай ауамен тыныстайды және қандай су ішеді деген сұрақтар қоғам назарында. Деректер шынайы болуы және ресми деректерге негізделуі экология мен қоршаған ортаға деген дұрыс көзқарас қалыптастырады», - деп атап өтті.

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросы Коммуникация және ақпарат маманы Сергей Карпов Тұрақты даму мақсаттары аясында экологиялық журналистика бойынша білім

## ҚАЗҰУ-ДА ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН БІРГЕЙ ДӘРІС ӨТТІ



берудің бағдарламаларын таныстырды. Университеттің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы мен Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ғалымдары, Тәжірибешіл экологтар қауымдастығы спикерлердің теориялық мәселеленді практикалық дағдыларға дейінгі кешенді қамтыды.

Экологиялық проблема өте көптігі рас, дегенмен ол әр адам баласының өміріне қатысты мәселе. Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексі түсіндіруден бастап, мамандар БАҚ-та жиі аталатын биосфераның ластануы, экотоксиканттар, төтенше жағдайлардан қорғану, экологиялық тәуекелдер, экологиялық ізді есептеу сияқты кәсіби проблемаларды кеңінен талқылады. Лабораториялық жағдайда журналистер судың органолептикалық көрсеткіштерін талдады. Журналистерге ұсынылған экологиялық минимум - биомузей, жасыл технологиялар зонасымен жақын таныстырған кампусқа экотурмен аяқталды. ҚазҰУ Ғылыми кітапхана қоры «Экология.

Тұрақты даму мақсаттары. Журналистика» тақырыбынды кітап және БАҚ материалдар мен Асылхан Әбдірайымның «Қазақстанның көркем табиғаты» фотокөрмесі де шараның әдістемелік, визуалдық модульн нығайтқаны рас», деп атап өтті бағдарлама үйлестірушісі Гүлмира Сұлтанбаева.

Биылғы жылы университеттің салалас кафедралары арасында ғылыми-педагогикалық бағытта «Экологиялық журналистика» жаңа білім беру бағдарламасы ашылады. Сондай-ақ қатысушылардың бастамасымен экологиялық тақырыпта жазатын журналистердің ұлттық желісін құру ұсынылды. Экология саласында мәселе қордаланған. Бұл эколог ғалымдар мен журналистердің, еріктілердің жаңа білім мен ақпараттық дағды жинаудағы ынтымағын арттырудың дәлелі.

**Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,**  
баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі

### QYSQA-NUSQA

**Belgili qazaqstandyq biznes-trener Violeta Krasavskaia әл-Farabi атындағы QazҰU «Biznes-tehnologialar» kafedrasynyñ «marketinq» mamandyǵy studentterimen «Marketinqke búdjetti qalai esepтеu kerek?» degen master-klas ótkizdi.**

Qazaqstannyñ jarnama mamandary qauymdastyǵy marketinq departamentiniñ jáne «Armat» zergelik kompaniаныñ marketinq boiynsa direktory, marketinq sarapсы, marketinq jáne jarnama boiynsa keñesshi Violeta Krasavskaia master-klas barysynda kompaniаныñ marketinqtik búdjettiñ josparlau, azırleu qalyptastyrudyñ qyr-syryn, tetikterin universitet studentterine egjei-tegejili túcindirip berdi.

Master-klasta тындаушылар jarnamalyq investisiyani neden bastau kerek ekenin, sondai-aq kásiportynyñ marketinqtik syǵyndarynyñ mólşerin esepтеudiñ eñ úilesimdi ádisterin qoldanudy úirendi. Sarapсы marketinqtik búdjetti esepтеudiñ jáne böludiñ úş manyzdy erejesin keltirdi, bұл erejeler kásiportynda marketinq búdjettiñ josparlau úderisine kómeǵin tigizedi.

Master-klas studentter men magistranttar úşin aldaǵy uaqytta jumystarynda paidalanatyn úlken tájiribelik sabaq boldy. Oлар taqyrypty belsene talqyлаp, ózderin qyzyqyratyn kóptegen súraqtarǵa paidaly, túşymdy jauap aldy.

\*\*\*

**Ál-Farabi атындағы QazҰU- da 51-ші Halyqaralyq ǵylymi-ádistemelik konferensia ótti. Konferensia onlain rejimde bir uaqytta ZOOM platformasyndaǵy 13 túrlı auditoriada ótkizildi.**

Birinsı auditoriada Ekonomika jáne biznes joǵary mektebi, Zañ fakúlteti jáne Halyqaralyq qatynastar fakúltetine enetin «Biznes, basqaru jáne qúyq» mamandyqtar toby boiynsa bilim beru baǵdarlamalaryn oqytu nátiжелeri talqylandy.

Екі күн ішінде сексида 17 baiandama тындaldy. Nátiјesinde joǵaryda atalǵan mamandyqtar baǵyty boiynsa túlektiñ qúzyrettilik modeliniñ qújattaryn azırleu boiynsa toptyq birlesken avtorlyq jumys daiarlandy. Sonymen qatar, «Menejment» kafedrasynyñ e. ǵ. k., profesor m. a. G.S. Smaǵulova, EJBIM aralas kafedralarynyñ basqa avtorlarymen birigip "Oqu baǵdarlamasynda daiyndaudaǵy oqytudyñ nátiжелerine qol jetkizu múmkındikterin baǵalau" baiandamasyн úsyndy. «Menejment» kafedrasynyñ e. ǵ. k., profesor m. a. T.S. Sokira jáne e. ǵ. k., dosent m.a.A.M. Julaeva «Oqu jáne baǵalau deñgeileri boiynsa kafedranyn baǵalau ádisteri men qúraldarynyñ bankin quru turaly» baiandamasynda úsynystaryn jetkizdi.

Konferensia barysynda Oñtústik-Oral memlekettik universitetiniñ (Chelábinsk q., Resei) Aşyq jáne qasyqyqtan bilim beru Institutynyñ direktory e.ǵ.k., dosenti A.A. Deminmen birge «Menejment» kafedrasynyñ e.ǵ.k., dosenti J.O. Tumbaidyn «Qasyqyqtan bilim beru tehnologialaryn qoldana otyryp, oqu kezinde studentterdiñ bilimn baqylaudy úiyndastyrudyñ erekselikteri» taqyrybynda daiyndalǵan baiandamasy qyзу talqylandy.

«Menejment» kafedrasynyñ Reseilik qonaqtarynyñ basqa da baiandamalary úlken qyzyǵusylyq tudyrdy. Oñtústik-Oral Memlekettik universitetiniñ t.ǵ.k., dosentteri A.A. Irşin jáne K.M. Vinogradov ózderiniñ «Ilgeri baǵalau» qúzyrettiliktiñ nemese onyñ bir bölginin qalyptasuyn tekserudiñ zamanaui qúraly retinde» atty jalpylama baiandamalarynda óz tájiribelerimen bölhisti.

Seksiada qatysuшылар bilim beru baǵdarlamasy, tájiribe jáne pán boiynsa oqytu nátiжелerin baǵalau matrisalaryn qúrdy. Konferensianyn negizgi mindeti – bilim beru baǵdarlamasyн júzege asyru kezinde oqytu nátiжелerin tújyrymdau, baǵalau teoriasy men tájiribesi ádisnamasyнyn negizderin azırleu.

Konferensia búryñgydan da qyzyqty, әri nátiјeli ótti. Seksianyn moderatorларыna kóptegen úsynystar kelp tústi.

# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ҚАЖЕТТІЛІГІ



**Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқыту мен тәрбиелеу ісінің бай тарихи тәжірибесі бар. Адамзат қоғамының қалыптасу тарихына көз жіберсек, мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарас қоғамдық эволюция барысында әртүрлі болғанын байқаймыз.**

**Мүгедектерге деген көзқарас шыдамсыздық пен қатыгездіктен аяушылық, көмек көрсету және қорғауға дейінгі аралықта өзгеріп отырды.**

Қазіргі кезде барлық елдерде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың білім алуы, еңбек ету мен әлеуметтік бейімделуі жалпы қоғам мен мемлекет тарапынан қарастырылып отыр. Жылдар бойы елімізде жалпы және арнайы білім беру жүйесі қатар қызмет етіп келеді. Арнайы мектептерде ақыл-ойы кем балалар оқыса, жалпы мектепте ақыл-ойы қалыпты дамыған балалар оқып, тәрбиеленуде. XVIII ғасырдың өзінде белгілі психолог, дефектология ғылымында өзіндік орны бар ғалым Л.С. Выготский арнайы мектептің баланы шектелген дүниеден шығарудың орнына оның одан әрі шектелуіне, әлеуметтік бөлектенуіне қалыптастыратын дағдыларды дамытатындығын атап өткен. Толықтыруды (компенсацияны) биологиялық мағынада емес, әлеуметтік мағынада қарастырған. Оның біріктіріп оқыту идеясын Батыс Еуропа мен АҚШ мектептерінің жұмыс тәжірибесінде жүзеге асқан. Тек соңғы жылдары ғана Ресей, одан кейін Қазақстанда белсенді жүзеге аса бастады. Бұл адам құқы саласындағы декларациясы және ұсыныстарын конвенция ережелерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы барлық балаларға, соның ішінде денсаулығына байланысты ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін сапалы біліммен, қоғамда әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуді өз мойнына алады. Бұл тұрғыдан мектептегі инклюзивті білім берудің жүйесін жақсарту туралы міндеттерің бірі ретінде қарастырылған Қазақстанның 2020 жылдарға дейін Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарлама тұрғысынан 2020 жылға дейін инклюзивті білім берумен мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы санынан алғанда 50% қамтамасыз етілуі керек. Мамандар инклюзивті білім беруді тек мемлекеттің инклюзивті саясатының бір компоненті ретінде қарастырады. Бірақ инклюзивті білім берудің негізгі міндеттерінің бірі қоғамда адамгершілікке негізделген сау қарым-қатынастардың қалыптасуы болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне-көп арнайы мектепінтернаттарда білім алады. Шындығында, олар қоршаған ортадан жырақ, қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенің бұлай қалыптасуына

бүгінгі қоғамда қалыптасқан жағдай да кінәлі. Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді-енді қолға алына бастады. Инклюзивті білім берудің негізі мектептегі барлық балаға олардың ерекшеліктерінен тыс сапалы білім беру болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. Инклюзивті оқыту ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқытудың негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жою, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру мақсаты жатыр. Инклюзивті білім беру әр балаға оның мектепте оқу көрсеткіштеріне сәйкес немесе сәйкес еместігіне қарамастан, білім алуға құқық береді.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте қоғам өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Ол балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-

әрекетіне қатысуға қолайлы жағдай жасалады. Инклюзивті білім беру тұрақты даму, қоғамдағы қалыптылық күрделеніп келетін қоғамда адамның әлеуметтенуінің негізі болуы тиіс. Адамдардың әлеуметтену мен бейімделу мүмкіндіктері тікелей оның білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Психологиялық педагогикалық әдебиеттерді талдау нәтижесі білім беру ортасы әлеуметтік мәдени феномен болып табылатындығын көрсетеді. Білім беру ортасы өзгеріп, дамып отырады, онда қоғамдық дамудың (позитивті және негативті) нәтижелерін байқауға болады. Мүгедек балаларды жалпы білім беру мектептерінде инклюзивті білім беру жағдайында оқыту біріншіден, ұзақ уақытта интернаттық мекемелерде отбасынан жырақ білім алумен тәрбиелену мәселесін шешеді, екіншіден, баланың өзі қатарлы құрбықұрдастарымен үнемі араласуын қамтамасыз етеді, ұжымда өзара байланысқа түсіп, қарым-қатынас ережелерін меңгереді, педагогпен бірге шығармашылық тұрғыдан білім алу мәселелерін шешуге үйренеді, үшіншіден, инклюзивті білім беру барлық балалардың жекетұлғалық мүмкіндіктерін кеңейтеді, адамгершілік, толеранттылық, көмекке келу қасиеттерін қалыптастыруға, дамытуға жағдай жасайды, МШБ қоғамға кірігуінің және әлеуметтік бейімделу мәселесін тиімді шешпек. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін инклюзивті білім берудің жағымды көрсеткіштері анық:

– инклюзивті ортадағы мүмкіндігі шектеулі балалар, арнайы мектепте оқытындармен салыстырғанда, өздерінің қалыпты деңгейдегі құрбыларымен әлеуметтік өзара байланысқа түсуде жоғары деңгейді көрсетеді;

– инклюзивті ортада мүмкіндігі шектеулі балалар күрделі бағдарламалар бойынша оқиды, арнайы мектепке қарағанда жалпыға білім беру бағдарламалары жоғары әрі күрделі білім деңгейін талап етеді. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивті мектепте академиялық міндеттерді шешуге көбірек уақыт жұмсайды, және де, салыстырмалы деңгейде жоғары академиялық нәтижелерді көрсетеді;

– балалар кіші топтарда педагогтың тапсырмасын бірлесе орындау барысында кейбіреулерінің даму ерекшеліктері бар екендігін ұмытады. Біртіндеп, қалыпты деңгейдегі балалар өздерінің мүмкіндігі шектеулі балалармен ұқсастықтары көп екендігін түсінеді;

– инклюзивті сыныптарда қалыпты деңгейдегі балалар мүмкіндігі шектеулі балалармен тығыз қарым-қатынаста болады, ал бұл өз кезегінде инклюзивті сыныпта білім алған баланың ересек адам болғанда да басқа адамдармен жатырқамай араласуына негіз болмақ;

– инклюзивті білім беру жағдайында материалдық ресурстар мен материалдық қамтудың арттырылуы қалыпты деңгейдегі де, дарынды балаларға да пайдалы. «Арнайы бағдарламаларға» бөлінген қаражат тек мүмкіндігі шектеулі балаларды ғана емес, олардың қалыпты деңгейдегі құрдастары да пайдалана алады;

– инклюзивті оқытудың тағы бір жағымды жағы – сыныппен қосымша педагогикалық мамандардың (арнайы педагог, логопед, психолог, т.б.) жұмыс жүргізуі;

– инклюзивті сыныпта оқитын қалыпты деңгейдегі балалар өздерінің мүмкіндігі шектеулі құрдастарын сыйлауға, олардың психофизиологиялық дамуындағы бұзылыстардың түпкі мәнін түсінуге үйренеді.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға біріктіру, әлеуметтік бейімдеу, білім беру және тәрбиелеу, бала дамуының бұзылыстарын алдын алу және нәтижелі түзету үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында жұмыстар жетілдірілуде. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделу, отбасын қолдау мәселелері мен балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталуымен қатар, жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып жатқан педагогтардың әдістемелік жақтан кездесіп жатқан қиындықтары әлі де болса шешуді қажет етеді.

**Алмабек ИБРАЙЫМОВ,**  
*штаттан тыс тілші*

## КІТАПТАР СЫЙЛАДЫ



қамтамасыз ету- университеттегі оқу процесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Кітап теориялық механиканы оқытын студенттерге арналған және механика саласындағы мамандарға да пайдалы болары сөзсіз.

Механика кафедрасы Институттың Бас директоры А.К. Тулешовке механика кафедрасын кітаппен қамтамасыз етуге қосқан өтеусіз көмегі үшін ризашылығын білдіреді.

**Д.Е. ТУРАЛИНА,**  
*механика кафедрасы*

**Академик Ө.А. Жолдасбеков атындағы механика және машинатану институты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультеті механика кафедрасына Академик Ө.А. Жолдасбековтың оқу құралын сыйға тартты.**

Бұл көмек механика кафедрасының кітап қорын толықтыруға, яғни кітаппен қамтамасыз етуге бағытталды. Кітаппен

# БІРЕГЕЙ ОРТАЛЫҚ

**Әлемдік қаржы дағдарысы салдарынан туындаған әлемде исламдық қаржыландыру танымалдылығының өсуін ескере отырып, Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыруды дамыту үшін жағдайлар жасау өзекті.**

Қазіргі уақытта исламдық қаржы нарығын ырықтандыру АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Жапония, Аустралия және басқа елдерде әртүрлі дәрежеде байқалады. Қазақстанда исламдық қаржы жоғарыда аталған елдерге қарағанда айтарлықтай аз дамыған. Сол себептен, Қазақстан экономика үшін инвестициялардың жаңа балама көздерінің пайда болуы мақсатында исламдық қаржы индустриясын дамытуды жоспарлап отыр. 2019 жылы қызметінің басым бағыттарының бірі исламдық қаржыландыруды дамыту болып табылатын «Астана» халықаралық орталығы (АХҚО) ресми түрде ашылды.

Дегенмен, ҚР-да ислам қаржысының дамымауының жекелеген себептеріне келесілер жатады: исламдық қаржы саласында практикалық тәжірибенің және осы саладағы мамандардың болмауы; халық арасында исламдық қаржыландыру қағидаттары туралы білімнің болмауы.

2019 жылы Қазақстанда исламдық қаржыны дамытуға жәрдемдесу мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Астана» халықаралық қаржы орталығымен және Катар мемлекеттік жоғары оқу орны - Хамад бин Халифа атындағы университетпен бірлесіп ҚазҰУ-да Исламдық Қаржы Орталығын (ИҚО) ашты. Исламдық қаржыландыру орталығы біздің елімізде және Орталық Азияда исламдық қаржыландыру мамандарын даярлайтын алғашқылардың бірі болып табылады. Ол студенттерге уақытты үнемдеуге және ыңғайлы және білім алуға мүмкіндік беретін жаңа бағдарламалық жасақтамамен жабдықталған бірегей орталыққа ие.

ИҚО ұйымының мақсаты - исламдық қаржы саласындағы зерттеу және білім беру кластерінің орталығына айналу. Қазіргі уақытта ИҚО Қазақстан мен Орталық Азия елдері үшін қашықтықтан білім беру бағдарламаларын, онлайн курстарды ұсынады. Халықтың хабардар болуының төмендігін, халық арасында исламдық қаржыландыру қағидаттары туралы білімнің болмауын барынша азайту мақсатында исламдық қаржыландыру орталығының алаңында АХҚО өкілдері мен шетелдік мамандармен бірлесіп дөңгелек үстелдер, семинарлар, воркшоптар өткізіледі.

Зерттеу қорытындысы бойынша жас ғалымдар, магистранттар мен докторанттар бірлескен монографиялар, ғылыми мақалалар жазуға мүмкіндіктері бар. Бұл зерттеулер мен исламдық қаржыландыруды қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді. Осылайша, ҚазҰУ-дың Исламдық қаржы Орталығы исламдық қаржы бойынша білім алуға және қайта мамандануға мүмкіндік береді. Оқыту барысында тыңдаушылар білім алып қана

қоймай, сонымен қатар әртүрлі аймақтардағы әріптестерімен тәжірибе алмасуды жүзеге асырады. Білім алушылар қажетті теориялық және практикалық тәжірибе алуға мүмкіндік алады, бұл өз кезегінде кәсіби және оқу өсуіне ықпал етеді.

2019-2020 оқу жылында Қаржы және есеп кафедрасы Қазақстан үшін де, ТМД мен Орталық Азияның барлық өңірі үшін де «Исламдық қаржы» мамандығы бойынша магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламаларын іске қосты. Болашақта ҚазҰУ Экономика және бизнес Жоғары мектебі «Исламдық қаржы» мамандығының магистрлері үшін академиялық ұтқырлықты, сондай-ақ Катар университетімен бірлесіп магистранттар мен докторанттарға арналған қос диплом бағдарламасын ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Өз кезегінде Катар университетінің Исламдық зерттеулер колледжі ұйымға исламдық қаржы және экономика саласындағы оқытушылардың сараптамалық білімдері арқылы қолдау көрсететін болады. Сондай-ақ исламдық қаржысын зерттеуге жәрдемдесу үшін студенттермен алмасу бағдарламалары, бірлескен конференциялар мен зерттеу жобалары жоспарлануда. Исламдық зерттеулер колледжі исламдық қаржы саласындағы әлемдік көшбасшы бола отырып, Қазақстанда ұсынылған саладағы академиялық бағдарламалар мен зерттеулерді әзірлеуде басқа да ұйымдарға қолдау көрсетеді, ол халықаралық кәсіби сертификаттар, исламдық қаржы саласындағы инновациялық мәдениет, сондай-ақ индустрияны дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету арқылы сапалы жаңа деңгейде исламдық қаржысының дамуына ықпал ету үшін кәсіпқойларды біріктіреді.

Сондай-ақ, 2020 жылдың қыркүйегінде Орталық қызметінің нәтижелері исламдық қаржыландыруды дамытуға қосқан үлесі үшін best Emerging Islamic Finance Education Provider санатында Global Islamic Finance Awards (GIFA) марапатына ие болғанын және оған ие болғанын атап өткен жөн. GIFA - исламдық қаржы саласындағы әлемдегі ең беделді марапаттардың бірі және осы салада үлкен жетістіктерге жеткен үкіметтерге, мекемелерге және жеке тұлғаларға беріледі. Олардың арасында мемлекет басшылары, белгілі мемлекет қайраткерлері мен ғалымдар бар. GIFA-2020 беделді марапатын табыстау – бұл халықаралық қоғамдастықтың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қабылдаған исламдық қаржыландыруды дамыту және тарату жөніндегі бастамаларды мойындауы.

**А.К. ОМАРОВА, Э.К.,**  
қаржы және есеп кафедрасының доценті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсіп, жарқын болашаққа ұмтылатын шетелдік түлектердің саны жыл санап артуда. Еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнының әлемдік рейтингтерде жоғары нәтижелерге ие болуы, сапалы біліммен қамтамасыз етуі, бәсекеге қабілетті, құзыретті оқытушы-профессорлық құрамы мен бірнеше тілде білім алу мүмкіндігі шетелдік талапкерлердің қызығушылығын арттыруда.

## УНИВЕРСИТЕТТЕ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІ ШЕКСІЗ



Бүкіл әлем күресіп жатқан әлемдік пандемия жоғары оқу орындарының білім беру жүйесіне өзгерістер енгізіп, заманауи оқыту әдістеріне жол ашты. 2020 жылғы оқу жылында филология және әлем тілдері факультетінің, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасына Қытай, Түрікменстан секілді мемлекеттерден «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығына 14 талапкер оқуға түсті. Түлектер Қазақ ұлттық университетінің даярлау курсынан өтіп, емтиханнан жоғары нәтижелерге ие болған.

Оқу-тәрбие жұмысын тұрақты түрде жүзеге асыру жолында студенттерге білім беру бағдарламаларымен, қашықтықтан білім алу жүйесімен, университетіміздің ұсынып отырған мүмкіндіктерімен толықтай танысуы үшін куратор-эдвайзерлер академиялық оқу жылы басынан ұйымдастырушылық-әдістемелік, кеңес беру жұмыстарын онлайн кураторлық сағаттарында ұйымдастырды.

Студенттер онлайн білім беру жүйесіне сай толығымен арнайы техникалық құралдар, ғаламтормен қамтамасыз етілген. Университеттің цифрлендірілген, көлемді онлайн кітапханасынан керекті оқу құралдарын жүктеп, онлайн оқи алады. Оқытушы-профессорлық құрам әрдайым сабақта заманауи ақпараттық-коммуникативті технологияларды (Quizlet, Kahoot, Miro, Spatial chat, Mozilla hubs) белсенді қолдану арқылы жоғары сапалы білім беруде. Студенттер оқу жылының басынан бастап өз таңдауларына сай жеке пәтер, шетел студенттеріне арналған хостелдер мен университет жатақханасына орналастырылған. Қазіргі таңда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім алуда. Студенттерді оқу жүйесінің ұйымдастырылуы, оқытушы-профессорлық құрамының

құзыреттілігі мен пәндердің сан алуандығы жігерлендіріп, білім алуға деген ұмтылыстарын арттыруда.

Қашықтықтан оқу дәуірінде студенттік өмірлерінің қызықты өтіп, топтастарымен әрдайым байланыста болып, достық қарым-қатынастарының берік орнауы үшін онлайн ашық тәрбие сағаттары, мәдени-тәрбие жұмыстары жиі ұйымдастырылып тұрады. Студенттердің ағылшын тілін дамыту мақсатында жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Баянжанқызының ұсынысымен кафедрамыздың шетелдік аға оқытушысы Эдвард МакФерсон әр сәрсенбі күні тегін «English conversation club» ағылшын тіліндегі сұхбаттасу клубын ұйымдастырып, білім ізденген студенттерге таптырмас мүмкіндік сыйлап жатыр. Студенттер ағылшын тілінде білім алып ғана қоймай, шетелдік оқытушымен бірге тілдерін де жаттықтырып, әр түрлі тақырыптарда сұхбаттасу арқылы ой-өрістерін дамытуда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шетел студенттердің қашықтықтан сапалы білім алуына толықтай мүмкіндіктер беріп, білім, ғылым жолында дұрыс бағыт-бағдар берілуін, жарқын болашаққа қадам басып, жетістіктерге жетуін қамтамасыз ететін еліміздің беделді жоғары оқу орындарының бірі және бірегейі болып табылады.

**Ж.Т. ТАУБАЕВ,**  
PhD, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доцент м.а.

**Ф.М. АБДУЛЛАЕВА,**  
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының оқытушысы

## «ҰСТАЗДАР ҰСТАНАХАНАСЫНА» АЙНАЛҒАН МЕКЕН



**Қазыналы білімнің қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті екені баршаға мәлім. Десе де, университетіміздің даңқын асқақтатуда, бүгінгі күнгі жетістіктерге қол жеткізу жолында қаншама еңбек пен тер төгілді. Талай тарландарды ұясынан ұшырған білім ордасының атақ-абыройы – ондағы әрбір кафедраның ұшан-теңіз еңбегіне толы екендігін айтпай өтпеу мүмкін емес. Оқу орны жалпы 16 факультет, олардың ішінде жалпы саны 60 кафедрадан тұрады. Біз ерекше тоқталуды жөн көріп отырған кафедра – Философия және саясаттану факультетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы.**

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының тарихы тағылымдарға толы. Кафедрамыздың тарихы 1940 жылдың 12 қаңтарынан бастау алады. Аталмыш мезгілде қазыналы білімнің қара шаңырағында Педагогика кафедрасы деген атаумен болашақтың іргетасын бірге қалау мақсатында жаңа кафедра өз жұмысын бастаған болатын. Ал 2009 жылы Философия және саясаттану факультетінің құрамына енді. Кафедра факультеттің ежелгі кафедраларының бірі болып саналады. Биылғы жылы ол өзінің сексен бірінші мерейтойын атап өтті.

Осынша уақыт бойы кафедра білім беру саласының аса маңызды тұлғалары – білімді де білікті ұстаздарды даярлау арқылы еліміздің білім беру саласына өлшеусіз үлес қосуда. Орта білім беру саласы – мектепті аяқтап, үлкен өмірге қадам басып келе жатқан бозбалалар мен бойжеткендердің санасындағы білім шырағын «лаулаған жалынға» айналдырып, кейінгі өмірі үшін олардың бойына өлшеусіз білім, білік, дағдыны дарыта білу – үлкен жауапкершілік, ал оны жоғары деңгейде атқару – өнер.

Бүгінгі күні Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша білікті

мамандарды даярлауда. Кафедра аталмыш мамандықтар бойынша «бакалавр, магистратура, PhD докторантура» үш сатылы білім беру жүйесі бойынша білім беру мүмкіндігіне ие.

Кафедрамыздағы мамандықтардың ашылуының қысқаша тарихына тоқталып өтейік. «Педагогика» мамандығы бойынша мамандарды дайындайтын кафедрада 1996 жылы осы мамандықтың магистратурасы ашылды. Ал 2003 жылы осы мамандықтың толыққанды бакалавриат бөлімі ашылған болатын. 2005 жылы «Педагогика және психология» мамандығы ашылып, 2010 жылы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» атты жаңа мамандық мамандықтар тізіміне қосылды. Кафедрамыздың «Педагогика» мамандығының бакалавриаты бойынша ең алғашқы түлектерінің саны (2003-2007 жж) қазақ бөлімінде – 12, орыс бөлімінде – 7 болса, екінші лек бойынша (2004-2008 жж) қазақ бөлімінде – 7, орыс бөлімінде – 5 түлекті қамтыған. Аталмыш мамандықтың магистратура түлектерінің (1996-2005 жж) жалпы саны – 131.

Ал 2005 жылы ашылған «Педагогика және психология» мамандығы бойынша, қазақ және орыс бөлімін қоса есептегенде, 2020 жылғы есеп бойынша, бакалавр ғылыми дәрежесі шамамен 203, магистратура бөлімі бойынша 150 түлек бар.

2010 жылы ашылған «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының бакалавриат бөлімі бойынша (2020 жылғы есеп), қазақ және орыс бөлімдерін қоса есептегенде жалпы саны – 340 түлек төмамдаса, аталмыш мамандықтың магистратура бөлімі – 97 түлекті қамтиды.

2020 жылғы есеп бойынша Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының түлектерінің жалпы саны (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура) – 1200 құрайды.

Бүгінгі күні Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде болашақ үшін қызмет етіп, қара шаңырақтан алған білімдерін одан әрі шыңдауда.

Жалпы кафедраның қалыптасуы мен дамуы еліміздің педагогикалық-психологиялық ойларының, мәдениетінің

дамуымен және жалпы білім беру саласының дамуымен қатар жүріп келеді. Еліміздің болашақ ұстаздарын дайындауда кафедра оқытушыларының еңбегі – ерен. Осындай ұлы есімдері ұлағатқа толы ұстаздардың біршамасы кафедрамыздың басшылық қызметін де атқарған. Олардың қатарында Шәкір Қоқымбаев, Төлеген Тажимаев, Әбдіхамит Сембаев, Қартбай Бержанов, Хасен Арғынов, Борис Садықов, Гүлназ Ахметова, Зауреш Исаева сынды еңбегі ерен ұстаздарымыз бар.

Сонымен қатар кафедрада педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Р. Баширова, А.Т. Табылдиев, Н.А. Асанов және т.б. жұмыс істеді.

Әр түрлі жылдары педагогика және білім беру менеджменті кафедрасына белгілі педагогтар мен атақты ғалымдар шақырылған, олар – Н.Д. Хмель, К.Ж. Қожахметова, А.Қ. Құсайынов, Ш.Т. Таубаева, И.Р. Халитова, Қ.Ж. Аганина және т.б.

Кафедра жұмыс жасап келе жатқан уақыттан бері білім беру мен қоғамның басқа салаларында жоғары кәсіби деңгейдегі мамандар даярлап, бүгінде біздің түлектеріміз еліміздің әр түрлі түкпірлері мен шет елдерде жұмыс жасап жүр. Ұжым жоғары ғылыми әлеуетке, жауапкершілікке ие, өзінің кәсіби мамандығы мен университетіне адал еңбек етуде. Кафедраның білім беру бағдарламаларының дамуындағы атаулы жетістіктерімен және университеттің академиялық саясатына белсенді қатысуынан бүгінде мынандай түйін жасауға болады: еңбек нарығында сұранысқа ие ғылыми – педагогикалық кадрлар мен жоғары білікті мамандар даярлауда білім беру мен ғылыми және қоғамдық орталық болып табылады.

Білімі мен біліктілігі өлшеусіз ұстаздардан сабақ алған болашақ ұстаздар еліміздің білім беру саласының өртүрлі деңгейлерінде қызмет атқарып, оның дамуына үлкен үлес қосуда. Ұстаздардан «ұстаздар» тәлім алатын бұл кафедра «Ұстаздар ұстаханасы» деген атқа әбден лайық емес пе?!

**Б.А. ӘРІНОВА,**

*пед. ғ.к.,*

**С.О. БЕРДІБАЙ,**

*әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының*

*2-курс магистранты*

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады.**

ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазіргі әлемдік пандемияға байланысты қашықтан білім берудің үздік технологиялары мен әдіс-тәсілдерін пайдаланып жатыр. Алғашқы оқу ағымында қашықтан білім беру барысында «Универ 2.0» жүйесі шәкірттің қолайлы білім алуына барлық жағынан тиімді болды деп айта аламыз. Универ жүйесіндегі қашықтан оқыту бөлімі үй тапсырмасын жүктеу және оқытушылардан кері байланыс алу барысында өте тиімді болды. Әсіресе, қысқы емтихан кезінде Универ жүйесіндегі емтихан кестесі және оған кіретін сілтеме, емтихан уақыты мен нұсқау ережесі барлығы бір жерге топтастырылып берілгені білімгерлер үшін ыңғайлы болды.

## БАҒДАРЫ АНЫҚ БІЛІМ ОРДАСЫ

Кафедра оқытушылары қашықтан оқыту технологияларын толығымен меңгеріп, оларды теориялық және практикалық білім беру барысында барынша пайдаланғандығын айтқымыз келеді. Кафедра меңгершісі Мәдиева Гүлмира Баянжанқызы докторанттарға ғылыми бағыт-бағдар беріп, өз тәжірибесімен бөлісті. Бектемирова Сәуле Бекмұхамедқызы «Лингвистика тарихнамасы» және «Лингвистика саласындағы ғылыми-зерттеулерді жобалау» пәндері бойынша «Microsoft Teams» бағдарламасын тиімді пайдалана отырып дәріс жүргізді. Аяужан Қайратқызы Таусоғарова «Лингвистикадағы антропоцентристік парадигманың ғылыми доминанттары» және «Лингвистикалық философия» пәндері бойынша дәріс жүргізді. Лингвистика саласындағы соңғы жылдардағы жаңа зерттеулерді саралай келе, әр сабақ сайын докторанттарды қызықтыра отырып, лингвистика саласы бойынша

терең іздене түсуге баулыды. Оқытушылар тарапынан ғылымға деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, үнемі әр түрлі ғылыми бағытта онлайн іс-шаралар ұйымдастырылуда. Дәлірек айтсақ, әлемдік журналдарға мақала берудің талаптары мен ережелеріне байланысты және сапалы ғылыми жұмыс жазудың қағидаларымен бөлісті. Жарияланым этикасы жайлы толық ақпараттар берілді.

ҚазҰУ сайтындағы жалпы ақпараттарды 9 тілде алуға болады. Бұл шетелдік студенттер үшін және өзге ұлт өкілдері үшін өте қолайлы болып табылады. Жүйедегі ғылым және инновация бөлімінде ғылыми журналдар деген бөлімше арқылы білімгерлер көптеген ғылыми еңбектермен танысуда. Бұл бөлімде университеттің ақпараттық ресурстары, отандық және шетел зерттеушілерінің ғылыми зерттеулері жарияланып отырады. Мұндағы әр журналдың өзіндік мақаланы рәсімдеу жөнінде өзіндік талаптары

бар. Талаптардың журналдардың жеке сайттарында көрсетілген. 1992 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «ҚазҰУ Хабаршысы» журналын шығарады. Студент, магистрант және докторант студенттер онлайн режимде өткізіліп жатқан конференциялар мен ғылыми жобаларға белсене қатысып, онда ғылыми мақалаларын жариялауда.

Ойымызда қорытындылай келе, әрбір ғылым жолына түскен жас ғалымдар үшін, олардың жеке тұлғалық дамуы мен ғылым жолындағы талпынысына ҚазҰУ-да барлық мүмкіндіктің қарастырылғандығын айтқымыз келеді.

**М.ЖАМБЫЛҚЫЗЫ,**

*доцент м.а.,*

**Д.С.ЕСАЛЫ,**

*1-курс докторанты*

# ЛЕГЕНДА ЖУРФАКА

К 100-летию Таумана Амандосова (1921 – 1991)



**Таумана Амандосова по праву считают легендой факультета, который много лет готовит кадры для медиа-отрасли республики. Нынешний корпус журналистов республики трудится в независимом Казахстане, отдавая дань памяти тому, кто добился восстановления справедливости, ведь Казахский институт журналистики, созданный лидерами Алаш в 30-е годы, был впоследствии реорганизован.**

Лишь оттепель в Союзе привнесла свежие нотки в идеологию, ощущались послабления в плане реанимации свободы слова.

В 1966 году (в некоторых источниках ошибочно указывается 1955-й год) в КазГУ по инициативе Т.С.Амандосова был создан автономный факультет журналистики (до того момента существовало отделение журналистики на филологическом факультете). Первым деканом журфака был избран Тауман Салыкбаевич Амандосов, который руководил факультетом десять лет. Его величественная фигура, чуть прихрамывающая походка была заметна издали. Каков был путь воспитанника атырауского детдома до харизматичного декана?

Родители погибли в годы ашаршылык, надеяться было не на кого. Путеводной звездой молодого Таумана стала мечта дарить людям Слово надежды, отражать разные характеры и вдохновлять. Его жизнь была посвящена любимому делу – журналистике, а судьба организовывала встречи с отзывчивыми людьми. Тауман Амандосов после окончания школы начал трудовую деятельность в региональной газете «Социалистік құрылыс», где прошел ступени профессионального роста до заведующего отделом редакции. В возрасте 25-ти лет в 1946 году поступил в Казахский государственный университет (ныне КазНУ им. аль-

Фараби) на отделение журналистики филологического факультета, совмещая учебу экстерном с работой. После окончания университета с отличием был рекомендован на педагогическую работу на кафедру журналистики alma mater.

В 1955 году Т.Амандосов успешно защитил кандидатскую диссертацию, первым оппонентом которой был академик АН КазССР, профессор Мухтар Омарханович Ауэзов. Такое внимание к молодому ученому со стороны мэтра не было случайным; доверие классика Амандосов с честью оправдал, и вся его жизнь связана с гуманитарными факультетами университета. Более того, когда начались гонения на Ауэзова, вынудившие его уехать в Москву, декан Тауман Салыкбаевич ходил по инстанциям, добиваясь разрешения читать лекции студентам филфака. И добился!

## ПЕРВЫЙ ПРОФЕССОР ЖУРНАЛИСТИКИ В СССР

Ответственный и трудолюбивый педагог пользовался авторитетом коллег. С 1952 года Амандосов семь лет работал проректором по заочному обучению, с 1959 по 1966 год трудился деканом филологического факультета университета.

Журфак стал детищем Таумана Салыкбаевича. Должность декана не только не заслонила неумную натуру исследователя и первооткрывателя;

Т.С.Амандосов возглавил национальную школу по подготовке кадров для журналистики и взрастил плеяду высококвалифицированных специалистов. Среди питомцев требовательного декана – публичные персоны и мастера пера: Мырзатай Жолдасбеков, Абиш Кекильбаев, Олег Квятковский, Нурлан Маукенулы, Нурторе Жусип, Сагатбек Медеубек, Бауыржан Жакып, Дархан Мынбай и др.

В 1971 году Тауману Амандосову было присуждено ученое звание профессора, одному из первых в республике. В пределах Союза данное научное звание в то время присваивалось единицам. Он многое сделал на факультете в плане реорганизации специализаций кафедр. Кафедра как центр научно-методической работы должна нести определенную миссию в университете. Амандосовым в контексте научно-инновационных трендов и с учетом национальных ценностей были организованы кафедры: телевидения и радиовещания, казахской журналистики, журналистского мастерства и литературного редактирования (последней кафедрой он заведовал до конца жизни; ныне данное подразделение носит другое название). Костяк преподавателей факультета он подбирал принципиально, плоды кадровой работы были оценены руководством вуза и обучающимися.

Декан непрерывно учил и учился сам: докторскую диссертацию Т.С.Амандосов защитил по специальности «Журналистика» на тему «Современная казахская публицистика». Общеизвестно, что Тауман Амандосов является основателем авторской школы теории казахстанской журналистики. Впервые в Казахстане он приступил к изучению особенностей теории и практики казахской публицистики. По данному направлению им опубликовано около 100 печатных листов научных трудов, в том числе 11 монографий. Среди них: «Казахская публицистика сегодня» и «Веяния дружбы», «Теория и практика советской журналистики» и «Жанры казахской советской периодики», «Журналист и жизнь», «Газетные жанры».

## «СПРАВОЧНИК ЖУРНАЛИСТА»

Первый оригинальный учебник на казахском языке для студентов журфака также создан Т.Амандосовым. Пользуется до сих пор спросом сборник научно-методических статей о жанрах журналистики, который он редактировал. Профессор внес большой вклад в академическую мобильность, успешно привлекая российских коллег из центральных вузов (МГУ им. М.В.Ломоносова) к совместным конференциям и публикациям.

Именно Амандосов перевел на

казахский язык так необходимый специалистам «Справочник журналиста» (И. Б.Богданов, Б. А.Вяземский). Он находил время и для художественных переводов произведений классиков. Им переведены на казахский язык произведения Л. Кассиля, Л. Шемякина и А.Софронова и др. Учитывая идеологический статус журфака, общественная заточенность активной деятельности декана не осталась незамеченной. Т.С. Амандосов избирался делегатом II, III, IV съездов Союза журналистов СССР, членом Правления Союза журналистов СССР. Он достойно представлял республиканский журналистский корпус на всесоюзном уровне.

Тауман Амандосов избирался членом Правления Союза журналистов Казахстана, возглавлял Алма-Атинскую городскую организацию Союза журналистов республики, исполнял обязанности ректора Университета журналистского мастерства. Научно-педагогическая деятельность доктора филологических наук, профессора Т. С.Амандосова неоднократно отмечалась правительственными наградами.

Почетно быть наставником многих поколений журналистов, успешным организатором высшего журналистского образования в Казахстане. Ныне его благодарные ученики работают в медиасфере: на телевидении, радио, в издательских домах. Добрую память оставил Тауман Салыкбаевич о себе как талантливый организатор науки и методист-дидакт, ученый и публицист, общественный деятель, педагог и наставник. Супруга Мамыр поддерживала его в благих начинаниях, вместе растили детей.

Память о легендарном декане жива. Союзом журналистов Казахстана была учреждена именная премия за лучшие журналистские работы. На здании в Алматы, где жил Амандосов, установлена мемориальная доска. Одна из центральных улиц в областном центре Атырау носит имя Таумана Амандосова. Постановлением Правительства Республики Казахстан в 2005 году Кенозекской средней школе г. Атырау присвоено имя профессора Т.С. Амандосова.

Народном факультете журналистики КазНУ им. аль-Фараби функционирует именная аудитория профессора. Вековой юбилей Т.С.Амандосова, благодаря которому 55 лет назад журфак обрел самостоятельность и научно-исследовательский статус, символично отмечается в Год 30-летия Независимости Республики Казахстан.

**Гюльнар МУКАНОВА,**  
профессор,  
факультет журналистики

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің даңқы, танылуы мен беделі республиканың танымал ғалымдары, ғылым мен білім элитасы, олардың ішінде біршама ізбасарларға білім, тәрбие берген атақты ғалым-оқытушы химиктер. Осындай лайықты ізбасарлардың бірі біздің әріптесіміз, шәкіртіміз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Гүлшарат Салауатқызы Минажева.**

# Шақсы жанғар жанымызға



профессордың міндетін атқарушы қызметтерінде қосымша атқарады. 2010 жылдың 30 маусымында Минажева Г.С. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Д 14А.02.32 диссертациялық кеңесінде 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика тарихы және білім беру, этнопедагогика мамандығы бойынша «Қазақстан жоғары оқу орындарындағы сапа менеджменті жүйесі: теориясы, практикасы және дамудың концептуалды бағыттары» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды.

2011 жылы «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері болды.

2012 жылы Қазақстан Педагогика ғылымдары Академиясының академигі болып сайланды.

2011-2013 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де аккредитация, рейтинг және сапаны басқару жөніндегі орталықтың директоры қызметін атқарады. 2016-2018 жылдар аралығында университеттің Стратегиялық даму орталығы процестік менеджмент секторының жетекшісі қызметін, ал 2018 жылдың тамыз айынан бастап бүгінгі күнге дейін Стратегиялық даму орталығының директоры қызметін атқаруда.

2019 жылы Минажева Г.С. білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ» белгісімен және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде атқарған жұмыстары үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Минажева Г.С. отандық және шет елдік ғылыми журналдарда 100-ден аса ғылыми мақалалар жариялап, ашқан ғылыми жаңалықтарының нәтижелері бойынша 2 патент және 5 авторлық куәлік алған. Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі бекіткен Аналитикалық химия оқулығын (29,7 баспа табақ) және 3 оқу құралын қазақ тілінде (1.

Аналитикалық химияның метрологиялық аспектілері мен стандарттау мәселелері. Оқу құралы; 2. Минералды шикізаттар анализі. Оқу құралы; 3. Аналитикалық химиядан тест тапсырмалары. Оқу құралы), 5 кітап (1. Система менеджмента качества (СМК); 2. Стратегия развития высшего образования в Европе; 3. Восемь принципов менеджмента качества; 4. Система перевода кредитов (документы); 5. Разработка, внедрение и совершенствование СМК в высших учебных заведениях Казахстана) және тағы да басқа бірнеше методикалық нұсқаулар (Европейская система перевода кредитов (ЕСПК); Организация образовательного процесса на основе кредитной технологии) дайындап, жарыққа шығарған.

2012 жылы Г.С.Минажеваның «ТЕОРЕТИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И ТЕХНОЛОГИИ СИСТЕМЫ МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ» атты монографиясы жарық көріп, 2019 жылы ол ағылшын тілінде «HISTORY, THEORY AND TECHNOLOGIES QUALITY MANAGEMENT SYSTEMS HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTION» жарияланды.

Г.С. Минажева көптеген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ғылыми зерттеулерінің нәтижелері бойынша республика көлемінде ғана емес, сонымен қатар шет елдерде де баяндамалар жасап, Германия, Австрия, Франция, Швейцария, Нидерланд, Литва, Оңтүстік Корея сияқты шет елдердің жоғары оқу орындарында тәжірибе алмасудан өткен.

Ол білімін шыңдау мақсатында көптеген шетелдік және халықаралық семинарларға қатысып, бірқатар сертификаттар мен куәліктер алған.

Гүлшарат Салауатқызының тікелей араласып, жетекшілік етуімен университет бойынша алғаш рет тесттік бақылау формасын енгізу (1999ж), сапаны басқарудың халықаралық ISO стандарттары негізіндегі ЖОО-ға икемделген жүйесін енгізу (2005ж), индикативті жоспарлау мен ОПК,

кафедра және факультеттердің рейтинг жүйелерін енгізу (2011ж), Кайдзен үнемі жақсарту стратегиясын (2012ж) іске қосу, шарауашылық есептегі орталықтарды ашу және олардың жұмыстарын дұрыс жолға қою бойынша (2016ж), университеттің отандық ЖОО рейтингтеріне, сонымен қатар QS WUR, QS by subject, ARES және т.б. халықаралық рейтингтерге қатысуы сияқты өте ауқымды іс шаралар сәтті түрде іске асырылғандығын атап өткен жөн.

Отбасылық жағдайы-тұрмыста, Алматы қаласында жұбайымен бірге ұлы Жантөрені тәрбиелеуде. Жұбайы Тамаша Әлдибеков физика-математика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультеті дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасының профессоры қызметін атқарады.

Кәсіби, тамаша оқытушы, әріптестері сынайды, ғылыми ортада бағалайды. Ол өмірлік оптимизммен, студенттерге деген сүйіспеншілікпен, қарапайымдылықпен, еңбекқорлықпен, әріптестеріне құрметпен қараумен ерекшеленеді. Кафедра ұжымы және оқушылары көп нәрсеге үйрете алатын, нағыз өзінің жұмысына берілген жоғары мектеп педагогы бізбен бірге жұмыс жасайтынын мақтан тұтамыз. Профессор Минажева Гүлшарат Салауатқызын әріптестері, кафедра және факультет ұжымдарының атынан келе жатқан 60-жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, ғылымдағы ізденістеріне сәттілік, ұстаздық еңбектеріне мол табыс, от басына бақ береке, бақыт тілейміз.

Аса құрметті Гүлшарат Салауатқызы! Көздеген мақсаттарыңыз орындала берсін, мерейіңіз бұдан да аса түссін! Егеменді еліміздің білімді, білікті, құзыретті мамандарын даярлауда баянды, табысты, елеулі еңбек ете беруіңізге тілектеспіз.

**Л.К.КУДРЕЕВА,  
Х.С.ТӘСІБЕКОВ,  
ҚазҰУ доценттері**



Дәл осыдан 20 жыл бұрын 2001 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, философия және саясаттану факультетінің «философ», «философия пәнінің оқытушысы» деген статуспен 20 түлек қара шаңырақтан түлеп шыға салысымен биіктерді бағындыруға, асуларды асуға, шыңдарға шығуға, мінбелерге мінуге асығып, тағдырдың жазуымен 20 түрлі жолға түсті.

Түлектердің ЖОО-нын бітіру кезеңі адам баласының нағыз репродуктивті уақытымен тұспа-тұс келеді. Осындай шақта өзінің табиғи миссиясын орындауға кіріскен бірқатар қыз балалар мамандық тұтқасынан айрылып қалуы да мүмкін. Мектеп бітіріп мамандық таңдау кезінде өзінің ішкі үніне құлақ түре алмай, кейін диплом мен бес жылдық білімді (біздің кезімізде 5 жыл болған) ығыстырып қойып, жан қалауын немесе тұрмыс талғажауын күйттеп өзге салаға кететіндер де бар.

Статистикаға сүйенсек, әлемде 35-45% адам өз мамандығын қаламай амал жоқтан қызмет етеді екен, оның 10-15% ғана белгілі бір уақыттан кейін бәрін тастап өз қалаған мамандығына кетуге ерік-жігері жететін көрінеді. Ал өз мамандығын жақсы көріп, бар ынтасымен жұмыс істемеген адамның қалыпты немесе жоғары нәтиже беруі екіталай. Таңертең қуана жұмысқа барып, кешке қуана отбасына асығу да қазіргі

# ДАНАЛЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН 20 ЖЫЛ



Н.Ж. Байтенова, Т.Х. Ғабитов, А.Қасабек, З.Н. Исмағамбетова, А.Т. Құлсариева, С.Ж. Еділбаева, Г.Қ. Әбдіғалиева, А.Б. Наурызбаева, Г.Ә. Бейсенова, Қ.М. Борбасова, Қ.А. Затов, Ә.Р. Масалимова, Н.А. Асқаров, Л.Ә. Асқар, О.М. Борецкий, Ю.Лифанов, А.В.Любаев, Ф.Х. Мямешева т.б. ғалым-философтар 5 жыл бойы бізге дәрістер оқып, философия атты алып ғылымды игеруімізге тікелей ат салысты. Сондықтан да жоғарыда аты аталған және аталмаған оқытушы-профессор құрамына өз тобымың атынан алғыс білдіре отырып толғай табыстар тілеймін.

Қара шаңырақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары еңбектерінің жемісі ретінде топтағы 20 түлектің 4 –і философия ғылымдарының кандидаты, 1-еуі PhD доктор атағына ие болды. Қалғандары да еліміздің әр түрлііндегі ЖОО-дарында еңбек етуде.

Даналыққа ұмтылған, ізгілік ізімен жүрген жиырма бағлан, түлеп шыққан жиырма жылда еліміздің саналы азаматы ретінде мемлекетіміздің нығаюына, ғылымның дамуына өз үлестерін қоса алды деп нық сеніммен айта аламын.

**Гүлхан НҰРАДИН,**  
М.Х. Дулати атындағы  
Тараз өңірлік университеті

заман адамының бақыты, мемлекеттің тұрақтылығы болар.

Хош, 20 жыл артқа шегініп студенттік, қамсыз, ойсыз, жайбырақат шақтарға жылжысақ, көз алдыға ҚазҰУ-дегі даналық бағын аралаған, түрлі уылжыған жемістерінен дәм татып, бойыңа мәңгілік нәр алған, бақ ішіндегі уақыт атты ағыны қатты өзеннен қуат алған керемет

шақтарың есіңе түседі деуге келмес. Қазақстандық философияның негізін қалаушы, ғылым докторлары М.С. Орынбеков, Б.К. Қудайбергенов, Ж.Ж. Молдабеков, К.Н. Бұрханов, Б.Ғ.Нұржанов, Б.Қ. Бейсенов сынды бірқатар өмірден өткен асылдардың дәрістерін тыңдау, өздерін көру, тілдесу бақыты бұйырды. Оған қоса

## ҮЛКЕН ТӘЖІРИБЕ

**Белгілі қазақстандық бизнес-тренер Виолета Красавская әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Бизнес-технологиялар» кафедрасының «маркетинг» мамандығы студенттерімен «Маркетингке бюджетті қалай есептеу керек?» деген мастер-класс өткізді.**

Қазақстанның жарнама мамандары қауымдастығы маркетинг департаментінің және «Armat» зергелік компанияның маркетинг бойынша директоры, маркетинг сарапшы, маркетинг және жарнама бойынша кеңесші Виолета Красавская мастер-класс барысында компанияның маркетингтік бюджетін жоспарлау, әзірлеу қалыптастырудың қыр-сырын, тетіктерін университет студенттеріне егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

Мастер-класста тыңдаушылар жарнама инвестицияны неден бастау керек екенін, сондай-ақ кәсіпорынның маркетингтік шығындарының мөлшерін есептеудің ең үйлесімді әдістерін қолдануды үйренді. Сарапшы маркетингтік бюджетті есептеудің және бөлудің үш маңызды ережесін келтірді, бұл ережелер кәсіпорында маркетинг бюджетін жоспарлау үдерісіне көмегін тигізеді.

Мастер-класс студенттер мен магистранттар үшін алдағы уақытта жұмыстарында пайдаланатын үлкен тәжірибелік сабақ болды. Олар тақырыпты белсене талқылап, өздерін қызықтыратын көптеген сұрақтарға пайдалы, тұшымды жауап алды.

Өз тілшімізден

**2012 жылы Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне аяқ басып кірген едік, бүгінде әрқайсымыз әр салада қызмет атқарып жатқан жайымыз бар. Биыл біздің жаңа өмірге қадам басқан күнге мерейлі бес жыл толды.**

Әрбір жанның өміріндегі қайталанбас кезең студенттік шақ болса, біздің де өмірімізде бұл құбылыс қайтalandы. Біздің тобымызға ең мықты, креативті, әрқайсысы ерекше максимализмі асып тұрған жалынды жастар жиналған едік, және куратор «эдвайзер» атауына өзгеріп жатқан кезде, көңілімізді бірден түсінетін, жанашыр, кеңпейілді Пірімбек Сүлейменовпен танысқан күн есімізде. Студенттік шақтардың қызық болуы оқу жүйесін ұйымдастыратын оқу орнына, кураторға, оқытушыларға, қатарлас курстастарыңа және университет қабырғасындағы студенттердің қызығушылығына байланысты құрылған ұйымдарға байланысты. Осындай үйлесімділіктің арқасында бізде әрқашан көтеріңкі көңіл-күй, жадымызда жылы естеліктер қалды. Студенттік жылдар адам өміріндегі ең алтын уақыт. Біздің топтың ерекшелігі сонда, әр студенттің жеке көзқарасы, қызығушылықтары бөлек болса да бір бүтін кеңістікте ұмытылмас кезеңді бастан өткердік, мысалы, біреуіміз Сенат ұйымында болсақ, екіншіміз «Алтын сапа» пікірсайыс клубында, үшіншіміз жұмыс пен оқуды қатар алып жүрдік, ал айырықша еске алатынымыз, «философия» мамандығы бойынша тобымызда сегіз ғана студент болды. Кейбір керемет жандар мамандығын да ауыстырып жатты, қазір қарап тұрсам, бакалавр деңгейі біздің саналық жетілуіміздің бөлігі ретінде қарастырсақ болады, ал қалған кәсіби шыңдалу адамның тікелей өзіне

## Көңілдегі Жылы естеліктер...



байланысты екен. Бірақ, бұл үлкен артықшылық болған сияқты, Философия және саясаттану факультетіндегі тоғыз мамандықта оқитын студенттермен үлкен топ құрып, үлкен жиындарда жиналатынбыз. Кейін магистратура, докторантура деңгейінде оқу жалғастыру мен жұмыс бабында таныстарымызды көптеп кездесуіміздің негізіне айналған сияқты.

Университетте өткен қызыққа толы дәрістер және практикалық сабақтар есте қалды. Ж.А. Алтаев, Г.Ж. Нұрышева, А.Х. Рамазанова, Ж.А.Әмірқұлова, А.Т. Нығметова, Л.А.Асқар, А.А.Құранбек, Г.Х. Мямешева, М.Ш. Хасанов, А.Г.Қарабаева, Б.А.Джаанбаева, А.В. Любаев сынды мықты ұстаздарымыз бізді студент сияқты емес, кафедраның толыққанды мүшесі ретінде қабылдады,

сондықтан бірден қазақстандық философиялық мектептің мүшесі бола отырып, ойымызды еркін жеткізуге, өз-өзімізді шыңдауға көптеген мүмкіндіктер мен айналма жолдарға бағыт алдық. Осындай жылы естеліктер қалдырып, осынша жылы адамдармен табыстырған ҚазҰУ-не алғысымыз шексіз. Бізді кәсіби шыңдалуымызға барлық жағдай жасаған Философия және саясаттану факультеті, философия кафедрасының ұстаздарына құрметімізді білдіреміз.

ҚазҰУ-ым өне бер, гүлдей бер, дамылсыз кеңей бер!

**Айдана ЕРЖАНОВА,**  
Философия, саясаттану және дінтану  
институтының ғалым хатшысы

Бетті дайындаған –  
**Әлия НЫҒМЕТОВА,** философия кафедрасы



**Семинар «Новый Экологический кодекс Республики Казахстан: задачи и перспективы» успешно прошел в рамках национального проекта «Зеленый мост через поколения».**

Он объединил на виртуальной платформе представителей различных университетов страны, среди которых были магистранты, докторанты, студенты старших курсов бакалавриата и их наставники – преподаватели. Организатором такой встречи выступила кафедра ЮНЕСКО по устойчивому развитию факультета географии и природопользования КазНУ имени аль-Фараби.

2 января 2021 года Глава государства Касым-Жомарт Токаев подписал новый Экологический кодекс Республики Казахстан, а также Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам экологии».

В чем же уникальность, ценность для нашего общества нового Экологического Кодекса и его основные отличия от предыдущего, вышедшего в 2007 году? Какие перспективы открывает новый Кодекс в области обращения с радиоактивными отходами и решении других аспектов экологического законодательства? Вот далеко не полный перечень вопросов, озвученных в рамках онлайн-встречи. Выступившие на семинаре магистранты кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию Алия Ердвалиева, Перизат Казыбекқызы и Любовь Дикова дали достаточно точные и подробные разъяснения, а по ряду вопросов критические замечания к содержанию документа.

Новый Экологический кодекс Республики Казахстан имеет много структурных, а, главное, содержательных отличий. Он более подробно и последовательно трактует нормы экологического права, состоит из 3 частей и 418 статей, имеет помимо общей, особенной, новую специальную часть и 4 приложения.

Отвечая глобальным вызовам современности, в рассматриваемый документ внесена новая глава 22 «Государственное управление в сфере адаптации к изменению климата», которая предполагает многоуровневую работу по оценке уязвимости к изменению климата для планирования, разработки и осуществления мер по адаптации.

С учетом передового международного опыта стран Организации Экономического Сотрудничества и Развития (ОЭСР) внедрены принципы «загрязнитель платит», «исправляет»

# ЭНЕРГИЯ МОЛОДЫХ СПАСЕТ ЭКОЛОГИЮ



и «предотвращает», что указывает на превентивный характер устранения последствий экологического ущерба.

Промышленные предприятия и другие природопользователи в обязательном порядке будут предоставлять компенсацию за ущерб, причиненный окружающей среде, сейчас же они платят штрафы и продолжают загрязнять. Возрастает ответственность также за незаконную вырубку деревьев, размер административного штрафа при этом увеличен в 5 раз, а в случае повторного правонарушения или вырубки на особо охраняемых природных территориях крупные предприятия будут оштрафованы до 1500 МРП.

Следовательно, новая редакция Кодекса усиливает ответственность природопользователей за загрязнение и нанесение любого другого ущерба окружающей среде!

## ВНЕДРЕНИЕ НАИЛУЧШИХ ДОСТУПНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Реальной возможностью улучшить экологическую ситуацию в стране является внедрение наилучших доступных технологий (НДТ), поэтому новый Кодекс требует от природопользователей внедрения таких технологий с целью снижения эмиссий. Будут разработаны отраслевые справочники НДТ, на основе которых планируется выдача комплексных экологических разрешений. Предприятия должны внедрять НДТ в

соответствии с программой экологической эффективности в течение 10 лет. При этом предприятия, внедрившие НДТ, будут освобождены от платы за эмиссии. В противном случае их ставки платы за эмиссии будут расти, что способствует мотивации природопользователей к технологическим новациям в пользу экологии.

В новом Кодексе предлагается также внедрить новые подходы оценки воздействия на окружающую среду (ОВОС). По действующему Экологическому кодексу такое требование применяется практически ко всем предприятиям. В новой редакции Кодекса предлагается требование о прохождении ОВОС применять только в отношении предприятий 1-ой категории, на действительно экологически опасных объектах. Кроме того, в проекте Кодекса предусматривается обязательное финансирование природоохранных мероприятий за счет поступающих экологических платежей в объеме 100%.

Комментируя обсуждаемый Кодекс, профессор Л.М. Павличенко отметила, что другой крупной экологической проблемой является низкая переработка твердых бытовых отходов и отсутствие должной инфраструктуры по их разделению, сортировке и сортировке. В связи с чем предлагается внедрить механизм «Waste to Energy», предусматривающий сжигание отходов с последующим получением электроэнергии и передачей

в сеть по аналогии с возобновляемыми источниками энергии. Актуальным остается вопрос по состоянию полигонов твердо-бытовых отходов и росту количества стихийных свалок. В представленном Кодексе предлагается также отойти от 3-х уровней опасности отходов и перейти к Европейскому каталогу отходов. Преимуществом нового классификатора является принципиальное деление отходов на опасные и неопасные.

Относительно радиоактивных отходов новое законодательство выдвигает экологические требования к использованию радиоактивных материалов, атомной энергии и обеспечению радиационной безопасности, а также к пунктам хранения и захоронения радиоактивных отходов. Однако, по мнению специалистов, необходимы дополнительные меры для создания в Казахстане геологического хранилища и установки по переработке радиоактивных отходов.

Состоялось объективное и неравнодушное обсуждение ключевых элементов Экокодекса и предполагаемых мероприятий по его реализации. «Кто, если не мы – молодежь?! Когда, если не сейчас?!», – таким был лейтмотив прошедшего семинара.

Новый Экологический кодекс Республики Казахстан вступит в силу в июле 2021 года и открывает широкие перспективы для участия молодых ученых и специалистов, вчерашних студентов и магистрантов. Поэтому сегодняшняя заинтересованность в реализации норм Экокодекса со стороны магистрантов нашего университета, их профессиональные компетенции, энергия и настрой вселяют надежду на правильное и бережное обращение к природному потенциалу Казахстана в будущем.

Все материалы семинара размещены на портале «Зеленый мост через поколения» <http://greenbridgework.kaznu.kz>, что полностью отвечает целевым установкам В и р т у а л ь н о - к о м м у н и к а т и в н о й платформы по вовлечению молодежи, научного и академического сообщества в продвижение «зеленых» инициатив и лучших практик устойчивого развития.

**Т.А. БАЗАРБАЕВА,**  
зав.кафедрой ЮНЕСКО по устойчивому развитию,

**Т.Л. ТАЖИБАЕВА,**  
модератор, факультет географии и природопользования

## ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

ҚазҰУ-дың «Бизнес-технологиялар» кафедрасының «Маркетинг» мамандығының студенттері мен магистранттарына арналған «Қазақстандағы шынайы маркетинг» атты шеберлік сағаты өтті.

Шеберлік сыныбын арнайы шақырылған OLX Қазақстан компаниясының маркетинг және бизнес-жобалар бойынша директоры Станислав Дубинчик жүргізді.

Шеберлік сағаты шеңберінде тыңдаушылар тәжірибелік мысалдарда OLX Қазақстан компаниясында маркетингтік заманауи әдістерін пайдалануды, маркетингтік индустрияның өзекті даму барысы туралы білді. OLX Қазақстан компаниясының өкілі Станислав Дубинчик маркетинг саласындағы өзінің кәсіби тәжірибесі туралы айтып, жас мамандар аталған салада маңсаптық мүмкіндіктерге қатысты сұрақтарына жауап алды.

Бизнес-технологиялар кафедрасы

Әл – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзге ұлт өкілдерінің басын қосқан қара шаңырақ. Шығыстану факультетінде корей, түрік,қытай, жапон, араб, парсы,хинди тілінің мамандары және сол ұлттың өкілдері ұстаздық қызмет атқарады. Барлығы тату тәтті әрі шәкірттерінің әр жетістігі үшін қуанып отырады.

Қазіргі таңда, Пусан Шет Тілдер университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 1 жыл білім алып, тәжірибе алмасып жатырмын. Бұл дегенім бізге білім берген ұстаздардың үлкен еңбегі деп білемін. Осы орайда барша Шығыстану факультетіндегі ұстаздар қауымына, Қыыр Шығыс кафедрасының меңгерушісі Ем Наталья Борисқызына,

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРҒА МЫҚ АЛҒЫС!



профессор Ли Бен Джо ағайыма және де ғылыми жетекшім Бақытгүл Ташкенбаева апайыма алғыс білдіргім келеді.

Деп айтқандай біздің өмірде жолымызды тауып, өз ісіміздің маманы болуда ат салысқан ҚазҰУ-дың барша ұстаздар қауымын осы атаулы күнмен құттықтаймын. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей ұстаздық етуден жалықпаңыздар! Мақтанатын шәкірттеріңіз көп болуын тілеймін.

**Гүлмира ТӘЖІҒҰЛОВА,**  
шығыстану факультетінің 2-курс магистранты

## Алматы – арман қала

Алматы – үлкен белестерді бағындырған қала. Оның тарихына көз жүгіртсек, басынан сан-қилы тарихи кезеңдерді өткерген. Алатауы айқарыла ашылып қарсы алса, Көктөбесі жайқала құшақ жаяды. Әрбір Алматылық азамат өзін қоршаған ортасына септігін тигізіп, Табиғат-Ананы да естен шығармағаны жөн. Алматы-жаңа заманға сай дамыған ғимараттармен ерекшеленіп, көркейіп, өсуде. Бизнес пен бәсекенің орталығы және болашағынан біршама биік белестер күтіп тұр.



Бұл шаһар атауы ғана емес, қазақ дейтін ғажайып жұрттың арманын аялаған, үмітін үкілеген ұлағатты ұғымға айналған қасиетті мекен екенін түсіндіру мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология және биотехнология факультетінің, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасында «Биомедицина» 2-курс студенттерімен бірге «Алматы – арман қала» тақырыбында кураторлық сағат өтілді. Іс-шараға кафедрамыздың оқытушылары қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Алматы менің балдәуренімнің бастауы» деп айтқанындай, тілі бөлек болса да, тілегі бір, жүзі бөлек болса да, жүрегі бар ондаған ұлт пен ұлыстың бақытына бастау болып, бағын ашқан қастерлі мекен жайлы қанша айтсақ та, қалай толғатсақ та, артық емес.

Әсіресе, кейінгі жылдары рухани-мәдени салада атқарылып жатқан оң істер, жағымды жаңалықтар, игілікті шаралар көз қуантып, көңіл марқайтады.

Алматы, бұл – біздің Тәуелсіздікке қол жеткізген, Қазақстанды бүкіләлемдік қауымдастыққа танымал еткен қала. Алматы – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш астанасы, қоғамдағы демократияның алғашқы тамырларының бесігі – еліміздің қоғамдық саяси және мәдени өмірінің

орталығы болды және солай болып қала береді. Өнер мен білімнің қайнап жатқан ордасы, әдебиет пен мәдениеттің ошағына айналған, талай жастың көкірек көзін ашуға жол нұсқаған, талай қайраткерлерді, талантты тау тұлғаларды тәрбиелеген, аялы алақанға салып әлдилеген сұлу қала – Алматы.

Іс-шара соңында кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., профессор А.М. Құстубаева, оқытушы, б.ғ.к., доцент Н.Т. Абылайханова, б.ғ.к., аға оқытушы М.С. Құлбаева, б.ғ.к., аға оқытушы Г.Қ. Атанбаева сөз сөйлеп, Алматы-білім, ғылым, мәдениет орталығы. Біз Алматыны көркейтп, дамыту үшін білімді және білікті маман болуымыз керек. Алматы қаласын алдағы уақытта да барлық жақсы жағынан бүкіл әлемнің танитынына біз кәміл сенеміз. Оқытушылар қауымы студенттерге алғысын айтып, сәттілік тіледі.

**А.М. МҰХИТДИНОВ,**  
география және табиғатты пайдалану факультеті, тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының аға оқытушысы

**Н.М. СЕЙДАЛИЕВА,**  
биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының оқытушысы

Мұқағали Мақатаев... Бұл қазақ халқы үшін жай ғана есім немесе көп ақынның бірі емес. Қандай туындысын алып қарасаң да, шындықтың желі есіп, ақиқаттың ауылы көрініп тұрады.

## МҰЗБАЛАҚ АҚЫНҒА АРНАЛДЫ

Батыр бабалардың қаны мен тері төгілген, ғашықтардың сырлы сезімдері мен мұңды махаббаттарының сәулесі қалған, жүйрік тұлпардың дүбірінің ізі сақталған, киелі де қасиетті қазақ жері суреттелген өлеңдері, үміттің құлан иек құла таңының тағы ататынын, шыдамдыны мына өмірдің ұнататынын жеткізген жауһар жырлары, қағазға өмірі арқылы емес, өлеңі арқылы түскен мұңдары, аққудың адалдығы мен батырдың адамдығы бейнеленген поэмалары, бір сөзбен айтқанда, жүрек пен жырдың үндестігінен туған Мұқағали туындылары кімді де болмасын бей-жай қалдырмасы анық.

Халқымыздың ақиық ақынына айналған Мұқағали Мақатаевтың 90 жасқа толуына арнап, тарих, археология және этнология факультеті, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы құрамындағы кітапхана ісі мамандығының 3-курс студенттерімен онлайн форматта әдеби-сазды кеш өткізілді.

Кештің мақсаты - жастардың рухани байлығын арттырып, өнеріміздің көсегін көгерткен тұлғалардың бірегейі, қазақ классикалық поэзиясының марқасқасы - Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығын насихаттап, жастардың бойында патриоттық рухты қалыптастыру.

«Поэзия – махаббаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиіс», деген Мұқағали ақынның өлеңдері ең әуелі адамдарды адалдыққа, тазалыққа, мейірімді болуға, жас ұрпақты Отанды сүйуге, туған жерді құрметтеуге, ана тілімізді ардақтауға, қарттарымызды қадірлеуге және дәл осындай бейбіт күннің қадірін білуге шақырады.

Онлайн форматта өткізілген әдеби-сазды кеш аясында студенттер ақынның өмірімен таныстырып, бірі ақынға арнап Орал қаласындағы Жұбан Молдағалиев атындағы қалалық кітапханада түсірген тікелей бейнероликтерін (видео) көрсетіп, енді бірі әдеби сазды кеште тұңғышқа терең көңілмен жазылған ақынның өлеңдері, поэзиялары, поэмаларын оқып, шабытты жырларын арнады.

Әдеби-сазды кеш барысында кафедраның профессор-оқытушы құрамы мен Кітапханалық ақпараттық жүйелер мамандығының 1 - 2 курс студенттері қатысып, өз ой-пікірлермен бөлісіп, қызықты ойындар, сұрақтар қойылып жеңімпаздарға 300 электронды кітаптар сыйға таратылды.

Ақиық ақынымыздың жазған кез-келген туындысы аспандағы қол жетпестей көрінетін, жарқыраған жұлдызбен тең! Нағыз сарқылмас, асыл



байлығымыз, басты құндылығымыз мен жәдігеріміз болып табылады.

Жылдар өтер...әлі небір ақындар дүниеге келер. Бірақ қара өлеңнің құдіретін аспанға көтерген Мұқағали есімі қашанда биіктен көрінер. Мұқағали поэзиясы әрбір мезгілмен, әр ұрпақпен бірге.

«Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім», деп өзі айтып кеткендей ақын мұрасы мәңгілік жасай бермек! Ақынның ой айтудағы өткірлігі, батылдығы болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім, сабақ берері сөзсіз.

Ақынмын деп мен қалай айта аламын, Халқымның өзі айтқанын қайталадым. Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын, - деп ақынның өзі айтқандай, Мұқағали мен халықтың арасында рухани-табиғи байланыс ерекше.

Барша қауымға бағыт сілтеп, ақыл айтып, ақылшы болған, нағыз шабыт пен шыншылдықты, көңілден сөз, жүректен жыр төгуді үйреткен ақын өлеңдеріне алғыс айтып, халыққа рухани қазына қалдырған Мұқағали Мақатаевты ұлы бабаның ұрпағы ретінде, ұлы жүректерде сақтай білейік!

**Б.С. АСАНОВА,**  
т.ғ.к., дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доцент м.а.,

**Р. ДАУТАНОВА,**  
кітапхана ісі мамандығының 3-курс студенті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің бейіндік мектеп ұжымы «Ғасыр ақыны» атанған қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойының аясында «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты әдеби-сазды апталық кеш өткізді.

Марғасқа сөздің майталманы Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына арналған бұл тәрбиелік іс-шара 8-19 ақпан аралығына белгіленіп, бейіндік мектеп оқушыларының ақын шығармашылығымен кең ауқымда танысып, қазақтың қара сөзінің құдіретін терең түсінуге мүмкіндік туғызды. Оқушылар үшін тәрбиелік мәні зор бұл мәдени іс-шара негізінен үш бағытта жоспарланды: Біріншісі,

## «МЕН ӨМІРДІ ЖЫРЛАУ ҮШІН КЕЛГЕНМІН»

ақын шығармашылығының идеясы мен мазмұны туралы еркін форматта эссе жазу болса, екіншісі сөз зергерінің кесек келбетін бейнелейтін қабырға газетін шығару, үшіншісі ақын поэзиясының жыр сандығындағы сөз маржандарынан көрермендерге шашу шашты.

Мұқағали жырының ішкі рухани уызынан нәр алған бейіндік мектеп оқушылары елін, жерін, Отанын, анасын, әкесін, ұстазын, досын сыйлау мен құрметтеу, бағалау мен пайымдау сияқты ізгілік пен парасаттылыққа толы адами құндылықтарды бойына сіңіргені олардың жазған эсселерінен, шығарған қабырға газеттерінен, оқыған

өлеңдерінен, драммалық қойылымдағы актерлік шеберліктерінен айқын байқалып тұрды.

Әдеби-сазды поэзиялық бұл кештің нүктесін филология факультеті, қазақ тіл білімі кафедрасы оқытушылары мен мектеп директоры Кулжанова Ботагөз Ниязқызы бастаған әділ қазылар алқасы қойды. Жыр мұшайрасының 3 орнын 10-сынып оқушысы Ускенбаев Мағжан иелік етсе, 2 орынды 9-сынып оқушысы Сүнбек Сымбат қанжығасына байлады. Ал бас жұлдемен 10-сынып оқушысы Абдрасилова Гүлім марапатталды.

Кеш соңында сөз алған ұлағатты ұстаздар қауымы да заңғар биік тау

мінезді Мұқағали поэзиясын шынайы тебіреністен, шынайы шабыттан, шынайы күйзеліс пен қуаныштан, еліне деген, жеріне деген, халқына деген ұлы махаббат пен сүйіспеншіліктен, ізгілік пен сағыныштан тұратын өз өмірінің күнделігі сияқты жауһар дүниелер екенін алға тартты.

Ойымызды түйіндей айтқанда, Мұқағали Мақатаевтың шыншыл да сыршыл ғаламат жырлары қазақтың сайын даласын әнге тербетіп, қазақ халқының жүрегінде мәңгі қала бермек...

**Ж.Б. САТКЕНОВА,**  
қазақ тілі білімі кафедрасының меңгерушісі

**К.К. КҮРКЕБАЕВ,**  
қазақ тілі білімі кафедрасының аға оқытушысы

**Қазіргі кезде болашақ ұрпақ үшін әртүрлі арулардың алдын алу мақсатында адамзат ағзасына қажетті дәрумендердің түрі мен оның пайдалы әсері туралы білген абзал. Осы себептермен ҚазҰУ-нің Биофизика, биомедицина және нейробиология кафедрасының оқытушылары болашақ ұрпаққа дәрумендер туралы түсіндіру жұмыстарын өткізді.**

Дәрумендер - бұл біздің ағзамыз көптеген функцияларды қолдауы үшін өте қажет заттар. Сондықтан дәрумендердің ағзаға тамақпен бірге жеткілікті және тұрақты түсуі өте маңызды.

Адам ағзасындағы дәрумендердің биологиялық әсері - бұл заттардың метаболизм процестеріне белсенді қатысуы. Ақуыздардың, майлардың және көмірсулардың метаболизмінде витаминдер тікелей немесе күрделі ферменттік жүйелердің құрамында болады. Дәрумендер тотығу процестеріне қатысады, нәтижесінде организм көмірсулар мен майлардан көптеген заттар түзіледі, оларды организм энергия және пластикалық материал ретінде пайдаланады. Дәрумендер жасушалардың қалыптасуына және бүкіл ағзаның дамуына ықпал етеді. Дәрумендер организмнің иммундық реакциясын сақтауда, оның қоршаған ортаның қолайсыз факторларына төзімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл жұқпалы аурулардың алдын алуға өте қажет.

Дәрумендердің жетіспеушілігі жекелеген мүшелер мен тіндердің күйіне, сондай-ақ маңызды функцияларға әсер етеді: өсу, ұрпақ өрбіту, интеллектуалды және физикалық мүмкіндіктер, организмнің қорғаныс функцияларына тікелей әсер етеді. Ұзақ уақытқа созылатын дәрумендердің жетіспеушілігі алдымен жұмыс қабілеттілігінің төмендеуіне, содан кейін денсаулығының нашарлауына әкеледі, ал ең ауыр, ауыр жағдайларда бұл өліммен аяқталуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда ғана біздің денеміз жеке дәрумендерді аз мөлшерде синтездей алады. Мысалы, триптофан аминқышқылы организмде ниацинге айналуы мүмкін. Дәрумендер гормондардың синтезі үшін қажет - организмнің әр түрлі қызметін реттейтін арнайы биологиялық белсенді заттар. Демек, бұл дәрумендер дегеніміз - адам тамақтануына таптырмайтын факторлар болып табылатын және организмнің тіршілігі үшін маңызы зор заттар. Олар біздің денеміздегі гормоналды жүйе мен ферменттер жүйесі үшін өте қажет. Олар біздің зат алмасуымызды реттейді, адам ағзасын сау, сергек және әдемі етеді. Олардың көпшілігі денеге тамақпен енеді, ал кейбіреулері ішекте онда өмір сүретін пайдалы микроорганизмдермен синтезделеді, бірақ бұл жағдайда олар әрдайым жеткіліксіз. Көптеген дәрумендер тез бұзылып, организмде қажетті мөлшерде жиналмайды, сондықтан адамға оларды үнемі тамақпен қабылдау қажет.

Дәрумендерді терапевтік мақсатта қолдану (витаминдік терапия) бастапқыда олардың жетіспеушілігінің әр түрлі формаларына әсер етуімен байланысты болды. Бірқатар дәрумендер бірнеше байланысты қосылыстармен ұсынылады. Дәрумендердің бастапқы көзі - өсімдіктер, оларда витаминдер жинақталады. Витаминдер денеге негізінен тамақпен енеді. Олардың кейбіреулері микроорганизмдердің тіршілік әрекетінің әсерінен ішекте синтезделеді, бірақ түзілген дәрумендер мөлшері организмнің қажеттіліктерін әрдайым толықтай қанағаттандыра алмайды. Дәрумендер метаболизмді реттеуге қатысады; олар биологиялық катализаторлар немесе организмде жүретін фотохимиялық процестердің реагенттері, олар ферменттер түзуге де белсенді қатысады.

Дәрумендер коректік заттардың сіңуіне әсер етеді, жасушалардың қалыптасуына және бүкіл ағзаның дамуына ықпал етеді. Ферменттердің құрамдас бөлігі ретінде дәрумендер олардың қалыптасуына қызметі мен белсенділігін анықтайды. Жетіспеушілік, одан да көп денеде дәруменнің болмауы метаболизмін бұзылуына әкеледі. Олардың тағамға жетіспеуімен адамның жұмыс қабілеті төмендейді, организмнің ауруларға, қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсеріне төзімділігі төмендейді. Дәрумендердің жетіспеуі немесе болмауы нәтижесінде дәрумен жетіспеушілігі дамиды.

**ЖЕКЕ ДӘРУМЕНДЕРДІҢ АДАМ ҮШІН МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ А дәрумені** жануарлардан алынатын



өнімдерде кездеседі. Бауыр, май, жұмыртқа және әсіресе балық майы бұл дәруменге бай. Өсімдік тағамында каротин бар - бұл адам ағзасында А дәруменіне айналатын ерекше зат. Сәбізде каротин көп. Азық-түлікте А дәрумені болмаған кезде өсу баяулайды және көз ауруы (түнгі соқырлық) дамиды. А дәрумені организмнің жұқпалы ауруларға төзімділігін арттырады. Бұл витамин майларда жақсы ериді. Ауада оттегінің әсерінен А дәрумені жойылады. А дәрумені өмірдің бірінші жылындағы балалардың тамақтануында ерекше маңызды.

**В1 дәрумені** дәнді дақылдардың, көкөністердің, жемістердің, сүттің, ашытқының, бүйректің және бауырдың қабығында болады. Күріш кебезі мен бидай әсіресе В1 дәруменіне бай. Бұл дәруменнің тағамға жетіспеуі жүйке жүйесінің бұзылуын, тәбеттің төмендеуін, тез шаршауды тудырады. В1 дәрумені жоғары температураға төзімді блып келеді. В1 сонымен қатар ашытқыларда, сүтте, бауырда және бүйректе, жануарларда және т.б. кездеседі. Бұл дәрумен тағамның сіңімділігін арттырады, зат алмасудың жақсаруына және т.б. Оның жетіспеушілігімен көру органдарының қалыптасу қызметі бұзылады. С дәрумені қыздыру, атмосфералық оттегі мен күн сәулесінің әсерінен, ұзақ уақыт сақтау арқылы оңай жойылады. Көкөністерді, жемістер мен жидектерді жылы және жеңіл ұстау С дәруменінің жоғалуын тездетеді.

**Дәрумендер - бұл біздің ағзамыз көптеген функцияларды қолдауы үшін өте қажет заттар. Сондықтан дәрумендердің ағзаға тамақпен бірге жеткілікті және тұрақты түсуі өте маңызды.**

Ол цитрус жемістерінде жақсы сақталады. Ол көмірсулардың метаболизм өнімдерінің тотығуын реттейді, амин қышқылдары мен май қышқылдарының алмасуына қатысады және жүрек-қан тамырлары, ас қорыту, эндокриндік, орталық және перифериялық жүйке жүйелерінің қызметіне жан-жақты әсер етеді. Дәруменнің жетіспеушілігі жиі жүйке ауруларына әкеледі.

**С дәрумені** негізінен көкөністер мен жемістерде кездеседі. Итмұрын, жасыл жаңғақ, қарақат және басқалары бұл дәруменге өте бай. Тағам құрамында С дәрумені жетіспесе «Цинга» ауруы пайда болады. Бұл дәрумен ағзаны жұқпалы ауруларға қарсы күшейтеді. С дәрумені суда ериді, ол атмосфералық оттегінің әсерінен және қайнатудан оңай бұзылады. С дәруменінің жетіспеушілігі әртүрлі инфекцияларға төзімділіктің төмендеуіне әкеледі, ал оның болмауы «Цинга» ауруының дамуына әкеледі. С дәрумені үлкен дозалары суық тиюді емдейді деген пікір расталмаған - тек басында, мұндай дозаларды қабылдау суықтың симптомдарын жоюға көмектеседі.

**Д дәрумені** негізінен жануарлардан алынатын өнімдерде кездеседі: балық майында, сары майда, жұмыртқаның сарысында, уылдырықта, сүтте және т.б. Бұл дәрумен баланың ағзасын рахиттен сақтайды. Д дәрумені болмаған кезде сүйектер сынғыш

болып, тістер нашар дамиды. Бұл дәрумен майда ериді. Кальций мен фосфордың алмасуын реттейді, олардың ішектен сіңуіне және сүйекке түсуіне ықпал етеді. D дәрумені күн сәулесінің әсерінен терідегі провитаминнен түзіліп, жануарлардан алынатын өнімдермен: балық бауыры, майлы балықтар (майшабақ, чумбрик, скумбрия және басқалары), уылдырық, жұмыртқа, сүт майларымен қамтамасыз етіледі. Ол консервілер мен пісірілген өнімдерде жақсы сақталады, өйткені ол ыстыққа төзімді. D дәруменіне дайындалған қоспалар дәрігердің нұсқауы бойынша тұтынылуы керек.

**А дәрумені (аксерофтол, ретинол)** визуалды пигменттің пайда болуына ықпал етеді, көру қабілетін сақтайды, ағзаға инфекциялармен күресуге көмектеседі, жасушалардың көбеюі мен өсуін реттеуге қатысады, теріні және шырышты қабақтарды қалыптасу жағдайда ұстауға көмектеседі. Дәруменнің ерекшелігі - ол тек жануарлардан алынатын өнімдерде: балық майы, шошқа еті мен сиыр бауыры, тауық жұмыртқаның сарысы, май, қаймақ және т.б. Кейбір өсімдіктерде каротиназ (фермент провитамині) бар, ол адамның бауырында және ішегінде каротеназа ферментінің әсерінен А дәруменіне айналады. Каротиннің едәуір мөлшері сәбізде, қымыздыққа, қызыл бұрыш, шпинат, қызанақ, салат, асқабақ, көк пияз, шабдалы, өрік, итмұрын, теңіз шырғаны, тау күлі,

көптеген жабайы өсімдіктерде және т.б. Ересек адам күніне 1,5 мг А дәрумені және 4,5-5 мг провитамин А қабылдауы керек, адам ағзасында А дәрумені жиналып, 2-3 жылға дейін сақталуы мүмкін.

**В1 дәрумені (анеурин, тиамин)** көмірсулардың, ақуыздың, майдың және минералды метаболизмнің сіңуіне ықпал етеді, қан айналымын, жүйке жүйесінің қызметін, асқазан сөлінің және асқазан перистальтикасының бөлінуін қалыпқа келтіреді, организмнің қорғаныш қасиеттерін арттырады. В1 дәрумені жануарлар мен өсімдік өнімдерінде: жұмыртқаның сарысы, шошқа еті, бауыр, бүйрек, ұнтақталған нан, кебек, жарма дөңдері, картоп, қызанақ, сәбіз, қырыққабат және т.б. кездеседі. Ол денеде жиналмайды, оны күнделікті тамақпен бірге алу керек. Ересек адам күніне 2-3 мг В1 витаминін қабылдауы керек. Бұл дәруменге деген қажеттілік физикалық және психикалық стресстен, жүктілік пен лактация кезеңінен және әртүрлі аурулардан артады.

**В2 дәрумені (рибофлавин және лактофлавин)** көмірсу алмасуы кезіндегі тотығу процестеріне қатысады, көру қабілетінің қалыпқа келуіне, дене ұлпаларының өсу процестеріне ықпалын тигізеді. Құрамында В2 дәрумені бар тағамдар жасыл бұршақ, бұршақ, бидай және қара бидай, бадам, фундук

және грек жаңғағы, көптеген тамыржемістер, ет, бүйрек, бауыр, ашытқы, саңырауқұлақтар, жұмыртқа, ірімшік, пияз, қарақұмық, қымыз, маринадалған көкөністер және т.б. болады. Тәуліктік қажеттілік 2,5-3,5 мг құрайды.

**В6 дәрумені (пиридоксин гидрохлориді)** - бұл ақуыздар мен майлардың метаболизмін, гемопоэзді, бауыр жұмысын жақсартатын, организмнің төзімділігін арттыратын ферменттердің бөлігі. В6 дәрумені бидай, тары, арпа, жүгері, ұнтақ ұн, қарақұмық, тары, сыра ашытқысы, ет, бауыр, балық, көптеген көкөністер мен жемістерден тұрады. Ол бактериалды флораның әсерінен адамның ішегінде пайда болуы мүмкін. Ересек адам үшін тәуліктік қажеттілік 1,5-3 мг құрайды.

**В12 дәрумені (цианокобаламин)** белок пен майдың алмасуына қатысады, қан түзілуін және тіндердің оттегі сіңуін жақсартып және орталық жүйке жүйесінің қызметін қалыпқа келтіруге көмектеседі. Негізінен жануарлардан алынатын өнімдерде болады, адам ағзасында ол бауырда жиналады. Тәуліктік қажеттілік - 3 мг.

**В15 дәрумені (пангам қышқылы)** жасушалардағы оттегінің алмасуына және бауыр тінінің қалпына келуіне ықпал етеді, бүйрек үсті бездерінің жұмысын қалыпқа келтіреді. Жеміс дәндерінде, өңгіш тұқымдарда және көптеген өсімдіктердің өсімділерінде кездеседі. Тәуліктік қажеттілік 2-3 мг құрайды. Белгілі бір аурулар кезінде дәруменге деген қажеттілік артады.

**В9 дәрумені (фолий қышқылы, фолацин)** ағзаның өсуі мен дамуына, ақуыздардың түзілуіне ықпал етеді, сүйек кемігіндегі гемопоэзді ынталандырады және атеросклероздың пайда болу мүмкіндігін азайтады. Жануарлар мен өсімдік тектес өнімдерде болады, бірақ аз мөлшерде және белсенді емес түрінде (ішекте ол ыдырайды, содан кейін сіңіріледі). Ішек бактерияларының әсерінен фолий қышқылы адамның ішегінде синтезделуі мүмкін. Ішектің кейбір аурулары кезінде фолий қышқылының бөлінуі және сіңуі жүрмейді, оның жетіспеуі организмде пайда болады, бұл макроциттік анемияға әкелуі мүмкін.

**С дәрумені (аскорбин қышқылы)** тотығу-тотықсыздану процестерін реттейді және организмнің тіршілік ету қабілетін, инфекцияларға төзімділікті арттырады, қан тамырлары капиллярлары қабырғаларының өткізгіштігін және қан ұюын, сүйек тінін қалпына келтіреді, склероздың даму қаупін азайтады және т.с.с. . Бұл витамин организмде түзілмейді, бірақ оны үздіксіз тұтынады, сондықтан ересек адамның тәуліктік қажеттілігі 100 мг-ға дейін жетеді.

Негізінен көкөністерде, жемістерде, жидектерде, иелерде және көптеген жабайы өсімдіктерде кездеседі.

Е дәрумені (токоферол) көбею процестерін, белоктардың, майлардың және көмірсулардың метаболизмін реттеуге көмектеседі. Құрамында өсімдік майлары, жасыл бұршақ, жасыл бұршақ, жүгері, бидай, сұлы, итмұрын және т.б. Тәуліктік қажеттілік 20-30 мг құрайды. Майлы тіндерде жиналуы мүмкін.

**К дәрумені (филлохинон)** қанның ұюына ықпал етеді, бауырда протромбин түзілуіне қатысады, метаболизмге әсер етеді және асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартып, қанның күшін арттырады.

РР дәрумені (никотин қышқылы, ниацин) метаболизмді қалыпқа келтіруге және қандағы холестерин мөлшерін азайтуға көмектеседі, тотығу процестеріне қатысатын ферменттер құрамына кіреді. Көкөністерде, жемістерде, жармаларда, бұршақ тұқымдастарда, саңырауқұлақтарда және көптеген жабайы өсімдіктерде бар. Тәуліктік қажеттілік - 10-15 мг.

Қортындылай келе, дәрумендердің жетіспеушілігі, сондай-ақ адам ағзасындағы кейбір дәрумендердің едәуір көп болуы денсаулық жағдайына кері әсер етеді және ауыр ауруларға соқтыруы мүмкін. Дәрумендердің қажетті мөлшерін уақтылы және теңдестірілген қабылдау адамның қалыптасуы мен өмір сүруіне ықпал етеді.

**М.К. МЫРЗАХМЕТОВА, б.ғ.д., Н.И. ЖАПАРҚҰЛОВА, б.ғ.к., биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының оқытушылары**

## ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА



**Үздіксіз білім алу мәселесі – осы заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың, саяси және әлеуметтік экономикалық өзгерістердің әсерінен туындаған мәселе. «Халықпен халықты, адаммен адамды теңестіретін нәрсе білім», – деп ұлы жазушымыз М.Әуезов айтқандай, республикамыздың басқа мемлекеттермен экономика, мәдениет, саясат жағынан тең дәрежеде тұрып, олармен бәсекеге түсе алуы адамдардың білімді де білікті болуын талап етеді.**

Ғалымдардың «үздіксіз білім беру – ол адамның бүкіл ғұмыр жолында жеке тұлға ретінде дамып отыруы» деген қағидасы қазіргі кезде өз жалғасын табуда. Үздіксіз білім беру бұл үздіксіз оқыту мен тәрбиелеу емес немесе бекітілген оқу мерзімімен және оқу орнының қабырғасымен шектелмейді, ол – адамға білімнің белгілі бір көлемін беруге, бағытталған білім түріне ауысу болып табылады. Тек жеке тұлғаға, субъектіге бағытталған білім ғана адамның жылдам өзгеріп жатқан қоғамдық және экономикалық өмір талаптарына сай жауап бере алуын қамтамасыз ете алады.

Докторлық білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленіп, пәндердің оқу жоспарлары, кәсіби бағдарламаларды (ғылыми, өндірістік және / немесе ғылыми-педагогикалық), тағылымдамаларды және жеке зерттеу бағдарламасын қамтиды. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультетінде 2021 жылдың 25 қаңтары мен 12 ақпаны аралығында ғылыми тағылымдамадан өткен болатынбыз.

Филология және әлем тілдері факультеті – жоғары білімді, кәсіби

білікті мамандарды даярлайтын, өзіндік тарихы бар қара шаңырақ. Тағылымдама барысында қазақ тілі білімі, орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедраларының негізгі ғылыми бағыттарымен танысып, тағылымдама жетекшілері, кафедра профессорлары ф.ғ.к., доцент Ж.Б. Саткенова, ф.ғ.д. проф. Р.А. Авакова, ф.ғ.д., проф. Н.Ж. Шаймерденова, ф.ғ.к., доцент Д.Б. Аманжолованың дәріс сабақтарына қатысып, тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша білімімізді шыңдай түстік.

2021 жылдың 25 қаңтары мен 7 ақпаны аралығында «Лингвоман клубы», «ТТТ клубы» мүшелерінің ұйымдастыруымен «Смарт білім беру: әдістемелер мен технологиялар» атты біліктілікті жетілдіру курсының онлайн-семинарларына қатыстық. Аталған семинар төмендегі бағыттар бойынша өткізілді: 1. Тіл теориясы дамуының XX-XXI ғасырдағы негізгі бағыттары; 2. Қазақ тілінің грамматикасы және оның жаңа

лингвистикалық тұжырымдар аясында зерттелуі; 3. Қазақ тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі; 4. Қашықтықтан білім беру және онлайн оқыту технологиялары.

Семинарда ф.ғ.д., проф. Г.Н. Смағұлова, ф.ғ.д., проф. Д.А. Әлкебаева, ф.ғ.д., проф. А.Б. Салқынбай, ф.ғ.д., проф. Р.А. Авакова, ф.ғ.к. Х.Ә. Қарабаева, ф.ғ.к. К.Қ. Күркебаев сынды ғалымдардан тіл білімі ғылымының негізгі бағыттары, тілді оқыту әдістемесі, оқытуда қолданылатын технологиялар тақырыптары бойынша дәрістер оқыды.

Бізге ерекше ұнағаны – құнды мұралар мекені – «Әл-Фараби кітапханасы». «Кітапхана – білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығы. Кітаптың иісі мен тыныштық жайлаған кітапханалар – кітапсүйер қауымның сүйікті мекені» деп бекер айтылмаса керек. Білімге құштар барша жанның осындай рухани ортасының бірі де бірегейі – Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы кітапхана. Бұл ауқымды кітапхана

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу және ғылыми үдерістерін ақпараттық-кітапханалық қызметпен қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі саналады. Кітапхананың өзіндік ерекшелігі – төрт қабаттан тұратын ғимаратындағы әр қабаттың «Әл-Фараби», «Ұлы дала», «Алаш», «Мәңгілік ел» атты арнайы атаулары бар. Бірінші қабатында әл-Фараби орталығы мен мұражайы, екіншісінде оқу залы, үшіншісінде электронды зал, ал төртінші қабатында заманауи үлгідегі 4 конференция залы орналасқан. Кітапханада оқырмандарға барлық жағдай жасалған, кітапхана заманауи талаптарға сай жабдықталған. Кітапханада ғылыми-зерттеу жұмысымызға қажетті әдебиеттермен танысып, теориялық материалдарды жинақтадық.

Филология және әлем тілдері факультеті профессорлық-оқытушылық құрамының терең мәнді, мазмұнды лекциялары білімімізге білім қосып, сол ғылымды қабылдауға деген танымдық белсенділігімізді арттырып, шығармашылық жұмысқа жетеледі. Ғалымдардың тіл ғылымының тылсым сырын, бай қазынасын берудегі шеберліктерін ерекше атап өткіміз келеді.

Докторант ретінде ғылым дәрежесінде тағы бір қадам алға жылжуда аталған тағылымдаманың орны ерекше. Ғылыми тағылымдамандар өтуімізге бірден бір себепкер болған – факультет деканы профессор Б.Ө. Жолдасбековаға, декан орынбасары PhD докторы А.М. Досановаға, қазақ тілі білімі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Ж.Б. Саткеноваға, орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы К.О. Тәттімбетоваға және университет басшылығына шын жүректен алғысымызды білдіреміз!

**Г.Ж. ИСҚАҚОВА,  
А.М. ЖИЕНАЛИНА,  
Ш.Уәлиханов атындағы  
Көкшетау университеті,  
филология білім беру  
бағдарламасының докторанттары**

## БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ



**Ақтау қаласында өткен Қазақстан Республикасының Чемпионатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының 1 курс студенті, дзюдо күресінен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері Мадина Парагульгова 3 орынды иеленді. Аталмыш сайыс Мадинаның ересектер арасындағы өткен алғашқы чемпионаты екендігін атап өткіміз келеді.**

Olympic.kz сайтындағы сұхбатында спортшы: «Ересектер арасындағы Қазақстан чемпионатындағы басты мақсатым жеңіске жету болды. Мен әйелдер арасындағы жарысқа бірінші рет қатысып отырмын. Сондықтан маған

моральдық тұрғыдан, әсіресе жартылай финалда күресу қиын болды. Тәжірибем аз болды деп ойлаймын. Карантин кезінде біз үйде жаттығуды тоқтатпадық, тек физикалық көрсеткіштер бойынша жұмыс жасадық. Бір жыл ішінде мен екі рет ғана бақ сынадым: жастар арасындағы ел біріншілігінде 1-ші, ал әйелдер арасында 3-ші орынды жеңіп алдым. Алдағы уақытта ересектер арасында сайыстарға қатысамын. Бұл маған күш береді», - деп пікір қалдырды.

Мадина Парагульгова Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасында «Аударма ісі» мамандығының студенті. Қазіргі таңда Мадина Өзбекстанның астанасы Ташкент қаласында өтіп жатқан Қазақстан мен Өзбекстан құрама командалары арасындағы бірлескен оқу-жаттығу жиынына қатысуда.

Мадина Парагульгованы жеңісімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз!

**Ұ.Б. БАЙЛИЕВА,  
Таяу Шығыс және  
Оңтүстік Азия кафедрасының  
1-курс куратор - эдвайзері, оқытушы**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА,  
Светлана ӨМІРПАЛЕЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**Svetlana.Umyrgaleyeva@kaznu.kz**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Басылымның Pdf нұсқасы [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) сайтына орналастырылды.

Бағасы келісім бойынша.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.